

«АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫНЫҢ БҰЗЫЛМАУЫНА МҮДДЕЛІМІН»

2-бет

ЗАН

✉ zangazet@mail.ru

№9 (3437) 1 ақпан 2022



газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«NUR OTAN» МЕМЛЕКЕТШІЛДЕР ПАРТИЯСЫ БОЛА АЛА МА?»




«Nur Otan» партиясының кезектен тыс XXI съезі онлайн режимде өтті. Ел өміріне елеулі өзгеріс енгізген қаңтар оқиғасынан кейінгі жиыннан көпшілік үлкен өзгерістер күтті. Мемлекеттің саяси жүйесіне, қоғамдық, әлеуметтік, құқықтық бағыттарына айтулы реформалар қосылатынына сенді. Қайғылы қаңтар оқиғасынан кейін халық мемлекет үшін маңызды, саяси күш саналатын «Nur Otan» партиясының қайта құрылымдалып, шынайы, ашық диалог алаңына айналатынына үмітпен қараған. Бұл ретте, қарапайым қазақстандықтардың үміті ақталды ма? Кезектен тыс өткен съезде қандай мәселелер айтылды?

(Жалғасы 3-бетте)



ЖАҚСЫНЫҢ ЖАНЫ –
ЖОМАРТ, ЖОЛЫ – ДАҒҒЫЛ

4-бет



8-бет

ҰСЫНЫС

КЕЗЕКТІ, КЕЗЕКСІЗ СЪЕЗДЕРДІ ШОУҒА АЙНАЛДЫРМАҒАН ЖӨН

Мен ұстаз ретінде, бала өсіріп отырған ана ретінде, күні кеше Алматы көшелеріне шығып, Тәуелсіздігіміздің тұғырын шайқалтқандардың қылмыстық іс-әрекеттерін мүлдем құптамаймын. Кешегі ойран салған содырлар тобы, Алматы қаласының екі миллион тұрғынның пікірін білдіре алмайды. Бұл қанды оқиғаға, құқықорғау органдары тарапынан заңды түрде баға берілуі тиіс, ал қылмыс жасағандар анықталып, кінәлілер заң аясында, қатаң жазаға тартылулары қажет.

Осы орайда, мемлекет және қоғам қайраткері, кеменгер жазушы Әбіш ағамыздың – мың өліп, мың тірілген, талай нәубетті, зобаланды бастан кешкен қазақтың өткен тарихын, ел басына күн туған сын сағаттарын зерделеген, қорытынды жасаған, онда келтірілген дүниелер әлі де құндылығын жоғалтпай, қазіргі болған оқиғалармен үндесіп жатқан сияқты. Сондықтан да асыл ағамыздың Әйтеке би туралы жазған мақаласынан үзінділер келтірейін:

«...Баяғы қасіреттерімізді сөз еткенде, бүгінгі ынтымағымызды, кешегі өкпелерімізді айтқанда, ертеңге деген үміттерімізді ұмытып кетпегеніміз

жөн. Ертең ел боламыз деп отырғандардың бәрі де бұл қонысқа аспаннан түспегені, сол бағыттағы бабалардың ұрпақтары екені естен шығып кетпесін. Тарих – жүрегінің тілі, сүйегінің діні. Қазақ үшін «сүйек сындырудан» асқан сәлекеттік, бет жыртысудан асқан берекетсіздік болмайды. Жауға істерінді ағайынға істеу, сыртқа көрсете алмай жүрген айбатынды ішке көрсету, мәрттік емес, нәмәрттік. Ел басына туған қиын заманда бабалар жаға жыртыспаған. Сүйек сындырыспаған, ұрпаққа адал болған. «Ел болмас елдің төбесіне ту тұрақтамас, төресіне тәж тұрақтамас» деген бар.

Көрінген тентек тепсініп барып, теуіп кете берсе, ту қайтіп тұрақтайтын еді. Жұлқынып барып, жұлып алып жүре берсе, тәж қалай тұрақтайтын еді? Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп, бәріміз де мәре-сәре болып жатқанда ұрыншақ емес ұғымсақ, тиісек емес үйірсек болуымыз келіңкірейтін тәрізді. Тепсінсек – Махамбеттің тындырғанын тындырып алып, тепсінейік...».

Қанша мен деген данышпан, ғалым, жазушы, әкім, қоғам қайраткері болса да, дәл осылай ешбір пенде ел бірлігі жайлы тебірене жазбаған болар, сірә. Жарықтық Әбіш аға осы кездері тірі болғанда, қолына ту алып, халықтың алдына шығары сөзсіз еді. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» – деп елді сабырға шақырып, осы ойранның алдын алған болар ма еді?!

Партия мүшесіне қабылданбастан бұрын, «Nur Otan» партиясы қоғамдық бірлестігінің жарғысымен мұқият танысқан болатынымын.

(Соңы 3-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Ораз БАЙМҰРАТОВ,
Әлеуметтік экономика және қаржы институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы:

ҮЙЛЕСІМ ЖОҚ ЖЕРДЕ ДАМУ ЖОҚ

– Президент «қасіретті қаңтар» оқиғасынан кейін Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажеттігін айтты. Бұл жұмыс неден басталу керек деп ойлайсыз?

– Қазір бізге ұлттық және әлемдік экономикаға деген көзқарасымызды өзгертетін уақыт келді. Нарықтық қоғамда тек материалдық құндылыққа басымдық беріп, оның соңына еру түбінде оларды жарға жығатынын түсіну қажет.

(Соңы 5-бетте)

Ел тарихында өшпес із қалдырған «Қаңтар қақтығысы-Ена» қатысты ой-пікірдің бүгінгі күнмен толастамасы анық. Бейбіт шерудің бүлікке ұласуы туралы жазбаған адам аз. Бүгінде ақиқатынан гөрі қауесеті басым сол ақпараттардың ақ-қарасын айыру да оңай болып тұрған жоқ. Мұндайда Президенттің көпшілік алдына шығып, ел көкейіндегі сұрақтарға бүкпесіз жауап беруі толғақты мәселенің талассыз түйінделуіне түрткі болары күмәнсіз. Осыны түсінген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев күні кеше отандық телеарнада арнайы сұхбат беріп, қоғамда жиі сөз болған мәселелерге қатысты өз ойымен бөлісті. Сұхбат барысында Президент қоғамды алаңдатқан қасіретті қаңтар оқиғасының себебі мен салдары, алдағы саяси және әлеуметтік реформалар, Қазақстанның сыртқы саясаттағы негізгі серіктестері мен қарым-қатынастары туралы сауалдарға жан-жақты жауап берді.

Біреулері ауылдық жерлерде жасырынса, екіншілері шекарадан өтіп, көрші республикаларға қашты. Олардың сақалдарын қырып, сырт келбеттерін өзгерткендері де баршамызға анық. Егер олар тұтқындалса, «біз кездейсоқ өтіп бара жатқан адамдармыз» деп айқайлайтын фактілер де бар. Бірақ шындық міндетті түрде анықталады», деді Мемлекет басшысы.

20 мың террорист қайға?

Қаңтар қақтығысына қатысты алғашқы ресми ақпараттар таратылғанда

ген кезде басқарушы ұйым Ішкі істер министрлігі болады. Төтенше жағдай режимі антитеррористік операция режиміне ауысқан кезде басқарушы ұйым Ұлттық қауіпсіздік комитеті болуы керек. Мұндай ауысымды іске асыру өте қиын. Олар істерді өткізіп, кеңесіп жатты. Мен: «Жолдастар, тыңдаңыздар, соғыс болып жатыр, ал сіздер мәжіліс құрып отырсыздар. Сіздерге көтерілісті басудың бүкіл жауапкершілігін өз бөлімшелеріңізге алуға бұйрық беремін. Ал мен сіздерге енді тек Жоғары Қолбасшы ретінде ғана емес, Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы ретінде пәрмен беремін».

Шындығында мұндай сын сағатта әрбір минут бағалы. Оның үстіне, жауапсыздықты сезініп қаланы бүлдіруге,

жатқанын алға тартқан Президент «Бұл өте пайдалы жұмыс деп санаймын. Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың құқықтарының бұзылмауына мүдделімін. Әрбір жағдай тергелуі тиіс», – деп қадап айтты.

Қазақстан Президенті «тосыннан заңсыз ұсталған азаматтардың» бар екенін, оларға қатысты күш қолдану әрекеттері тынғылықты тергелетінін айтты, «яғни, мұның мән-жайын тынғылықты түрде анықтау қажет», – деді.

Ақнарам марамы жағы ақсан тұр

Қаңтар трагедиясы еліміздің ақпарат тарату ісінде де ақсап тұрған

Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының Президенті:

«АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫНЫҢ БҰЗЫЛМАУЫНА МҮДДЕЛІМІН»

Конституцияны қолдан өзгертуге болмайды

Мемлекеттің бас құжаты – Конституция. Тәуелсіздіктің отыз жылында Ата Заңымыз бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Енді қалай болмақ? «Конституцияның алғашқы нұсқасын қайта қалпына келтіру керек» деген ұсыныстар алдағы уақытта ескерілуі мүмкін бе? Көпшілік тарапынан жиі қойылатын бұл сұрақтарға Президент толымды жауап берді.

«Өткенді сынамай-ақ қояйық. Түптеп келгенде, бұл біздің тарихымыз. Менің Президент ретіндегі миссиям бүкіл қоғам мен бүкіл саяси жүйені, трансформациялауда, ең ақырында, экономикада жағымды нәтижелерге қолжеткізу деп есептеймін. Қазақстан халқына бірінші жолдауыммен шыққан кезде саясат пен экономика бірге жүретінін айтқанмын. Біздің тарихи жағдайда «Әуелі экономикамен айналысайық, саясат күте тұрады» деуге болмайды. Экономиканың жандануында саясат та үлкен рөл атқаратын болып шықты», – деген Президент: «Қоғамның саяси трансформациясымен де, экономиканы жандандырумен де бір мезетте айналысу керек. Бұл – менің миссиям. Қалай дегенмен де, мен Қазақстан Президенті ретінде қаншалықты ұзақ болатынымды білмеймін. Бірақ Конституция бойынша, екі мерзімнен артық отырмайтынымды нақты білемін. Яғни, ешқандай заңды, әсіресе Конституцияны қолдан өзгертуге болмайды», деді.

Бізге оппозиция бар...

Мемлекетті алға жетелейтін – сөзі пікір, сарабалд ой. Кемшілікті көре тұрып үндемеу жақсы жоспардың өзінің жолда қалуына түрткі болады. Сондықтан мемлекет ілгерілесін десек, осы салаға мән берген жөн. Мұны Президент те атап өтті. «Еліміздегі парламенттік жүйені, партиялық жүйені реформалауды шындап ойланıp жүрмін», – деген Президент «Бізге оппозиция бар, алайда олар көбіне көшеде жүреді», – деді. Бұл пікірдің айтылуы тегін емес. Шын мәнінде біздегі оппозиция ойын ашық айтып, нақты талап қоюға шорқақ. Негізді, маңызды ұсыныс болмаған соң оппозицияның сөзін де ешкім елеі бермейді. Өзін тыңдата алатын, сөзін орындата алатын пармәнді оппозиция қалыптастыру үшін озық ойлы, бастамашыл жандар бір мақсатқа жынйла білуі керек. Ал бізде бір қазанға басы сыймаған оппозиция өкілдері өзін мойындатпақ түгілі, өз-өзін тыңдауға дағдыланбаған. Сондықтан бұл бағытта саяси мәдениетті өсіру аса маңызды.

Қадрларды жұмысына қарай бағалау керек

Қаңтар трагедиясынан кейін халық Үкіметтің тарағанын, елді шеруге шығуға итермеленген қырсыз министрлерді жұмыстан кетіру туралы талап қойды. Президент Үкіметті таратуға



пәрмен бергенде, көпшілігі жаңа құрамнан мүлде жаңа адамдарды көргісі келетіндерін екпіндей жазған. Бірақ Үкіметтің жаңа құрамы ел күткендей толық жаңарған жоқ. Кейбір министрлердің орынтағын сақтап қалғанын көргенде көпшілік бұл өзгеріске көңілдері толмайтынын ашып айтты.

Өз сұхбатында Президент бұл мәселені де айналып өтпеген. Мемлекет басшысы қызмет етіп жүрген кадрларды толықтай жұмысынан шеттетуге тәжірибесіне қарсы. «Кадрларды біліктілігіне, жұмысты атқару сапасына қарай бағалау керек» деген Мемлекет басшысы осы орайда Үкіметті 100 пайыз ауыстырып, өзінің революционер ретінде жария етіп, көпшіліктің алдында көзбояушылық әрекеттер жасауды қолдамайтынын жеткізді. «Бұл мәселеде лайықты министрлерді іріктеу керек. Қызметкерді «көшеден» тағайындауға болар еді. Әлемдік тарихта осындай жағдайлар кездескен болатын... Бірақ, кадрлар мәселесіне өте сактықпен қарау керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент жұмысына жауапкершілікпен қарайтын адамдардың қызметте жүре бермейтінін атап өтті. «Әрине, болашақта өзгерістер болады. Бұл қадамдар жан-жақты пысықталған, ойластырылған негізде жасалады», – деді. Яғни, биліктегі ауыс-түйіс бүгінмен бітпейді.

Қаңтар қақтығысы

Барыс жылы бәрімізге үлкен сын болғалы тұр. Жаңа жылдан кейін басталған шеру шерменде халықтың біраз мәселесін жария етті. Басында қарапайым газ бағасын төмендетуден басталған бейбіт шерудің соны тонауға, бүлдіруге, жаппай тәртіпсіздікке ұласты. Мұның артында кім тұр? Қазір жұртшылықтың өз Президентінен сұрайтын негізгі сауалы осы.

«Елдегі қаңтар қасіреті бойынша тергеу шаралары жүріп жатыр. Олардың нәтижелері толықтай анықталмаған кезде болжам жасау орынсыз. Жұмыс өте көп. Себебі, көптеген солдирлар, оның ішінде олардың командирлері Алматыдан қашып кеткен.

Мемлекет басшысы «республикада бүлік жасауға 20 мың террорист қатысты» деген болатын. Бұл дерекке қатысты кейіннен күмәннің көбейгені рас.

Қаралы оқиға кезінде түсірілген бейне үзіктер қазір қолдан-қолға өтіп, елден елге тарауда. Әр бейнеузікке қарап әртүрлі пайым айтып, түрлі болжам жасауға болады. Дегенмен, бұл жерде де оқиға туралы ауқымды ақпараттың басында отырғандықтан Мемлекет басшысының сөзі сенімдірек.

«Біріншіден, Алматыдағы бандистік акция бір сағат мерзімде ғана өтпеді ғой. Полиция департаменті ғимаратын қорғау екі түнге жалғасты. Осы уақыт бойы полициялық бандистерге тойтарыс берді», – деді Президент. Сонымен қатар Мемлекет басшысы бандистер өздерінің саны жағынан басым болғандықтан, полицейлер мен әскери қызметшілерге қоқан-лоқы көрсеткенін алға тартты. Бұл өз кезегінде олардың саны өте көп болғанын көрсетіп отыр. Алматыда олар үш бағыттан жүрді. Полицейлер қойған бекеттерді бандистер ысырып тастады. «Сондықтан бандистер саны аз болғанын айтып, бұл жағдайды мысыққа айналдыру жөнсіз деп ойлаймын. Шын мәнінде олар толқын-толқынмен жүрді, оларға бұйрық беріліп отырғаны түсінікті жағдай», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Шерушілерге неге оқ атылды?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сұхбат барысында өзін «бейбіт шерушілерді атуға бұйрық берді деп сынайтындарға» да жауап берді.

«Бейбіт шерушілерді атуға бұйрық берді» деп болған оқиғаның басынан аяғына төңкеріп талқылау қажет емес. Ол кезде алаңдарда бейбіт шерушілер қалмаған болатын. Ондағылар бұзақылық жасап, тонауға барды. Бандистер тарапынан айрықша қатыгездік байқалды», – деген Президент тәртіп пен қауіпсіздікті қадғалайтын құзырлы органдардың сол кезде қалай әрекет еткенін еске алды.

«Төтенше жағдай режимі енгізіл-

тонауға көшкендерге тыйым бол-маса жағдайдың уыстан шығып кетуі мүмкін еді. Мұны қаладағы жағдайдан хабар алып, тарихи ғимараттардың бүлінгенін, өртеніп, қирағанын көрген жұртшылық та мойындады.

«Осы жағдайда құқық қорғау органдарының іс-қимыл жоспарының бірыңғай алгоритмі болмады. Ашығын айту керек, тәртіпсіздік болды. Құқық қорғау органдарының басшылары өздеріне жауапкершілік алуудан қауіптенді. Мен оларға Рокос-

совский немесе Жуковтың әрекетін мысалға келтірдім, яғни олар күн сайын Сталиннен қандай да бір іс-қимылдар үшін рұқсат сұраса, олар соғыста жеңіске жетер ме еді? Бұл жағдайда өздеріне жауапкершілік алу керек болды. Біздің заңдар осылай болып тұр, Жаңаөзендегі оқиғадан кейін дәл осындай жағдайларда құқық қорғау органдарын еркіндігі жоқ ахуалға түсіретін заңдар қабылданды. Сондықтан жаппай мәлімдемеге дейін қарулы бандистерге оқ ату керек екенін айтып, жауапкершілікті өзіме алдым. Ал үндеу жасаған кезде бұл мәселені көпшілікке қайталап айттым», – деді Мемлекет басшысы.

Енгізі үмім тергеуге

Қым-қуыт кезде қосақ арасында кетіп қалғандар аз емес. Оны жақының жоқтаған жандардың азалы үнінен анық аңғаруға болады. Ескертуді естімей қалған, қауіпті байқамаған жандар қаңғыған оқтың құрбанына айналды. Көз жұмғандардың қайсысы бейбіт тұрғын, қайсысы бүлікші екенін ажырату да терең зерделеуді талап етеді. Мұндай сәтте құзырлы органдардың мінсіз еңбек етуі шарт. Қаңтар қақтығысының қорытындысы погондылардың беделіне әсер етпей қоймайды. Оны Президент те әділ аңғарған.

«Азаматтар алаңдаушылық танытуда, оны түсінуге болады. Сондықтан мен Бас прокуратураға әрбір оқиға бойынша тергеу жүргізуді тапсырдым. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарынан танымал құқық қорғаушы Айман Омарованың басшылығымен қоғамдық комиссия құрылғанын білдім. Мен бұл шешімге қолдау білдіремін. Шынымен де бізге қазір орын алып жатқан, қайғылы күндері болған жайттарды жан-жақты анықтау үшін тәуелсіз қоғамдастықты тарту қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, осы уақытта Қазақстан Президенті Адам құқықтары жөніндегі омбудсмен Эльмира Әзімова, танымал құқық қорғаушы Жеміс Тұрмағамбетовалар тергеу орындарына барып, ұсталғандармен кездесу өткізіп

тұстарымыздың бар екенін алға шығарды. Арнайы хабар таратқан мемлекеттік арналардың өзі осы күндері хабарландыру, құлаққағыс беру-ден арыға ұзай алған жоқ. Осы тұста жұмыс істеген санаулы телеарна тарихи фильмдерді қайталап көрсетіп, елді сақтандырумен шектелді, десек артық айтқандық емес. Көпшіліктің «ақпараттық ашықтықтың» не екенін сезінгені де осы кез. Жаңалық болып қалар деп елендеген жұрт күні бойы бірнеше рет қайталанған ақпараттарға телмірумен теледидар алдын күзетуге мәжбүр болды. Бұл мәселе Мемлекет басшысының да назарынан тыс қалмады. «Біз халықты ақпараттандыру жағынан ұтылды, мұны мойындау керек. Менің бұйрығымды, әрекеттерімді де ешкім дұрыс түсіндірмеді. Ақпарат жағынан жеңілсек те, сол кезде интернетті өшіру керек болды. Себебі, елдегі жағдайды пайдаланып, халық арасында бұрыс ақпарат тарататын адамдар іске көшетін еді. Бұл тек бізде ғана емес, әлемде қолданылатын шара», – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзіне қарағанда, төтенше жағдай кезінде интернет өшірілмесе, оны пияғылы теріс топтар өз мақсатына пайдаланып кетуі мүмкін болған. «Интернетке келсек, бандистік топтар командирлерінің арасында ақпараттық тұрғыда өте жақсы, арнайы дайындалған адамдар болғанын атап өту керек. Яғни, дезинформация науқаны қатты жүрді. Фейктер құйылып жатты. Бұл да Қазақстанға қарсы осынау шабуылдың тынғылықты дайындалғанын айғақтайды», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Судья таңдауағы басты өлшем — ағалдық

«Сот жүйесі туралы алаңдаушылықтар заңды екенін ашық айту керек. Қазір реформа жүріп жатыр. Қалай іске асып жатыр, қарқынды қандай? Бұл, әрине, пікірталас тудыратын мәселе. Бірақ реформа іске асырылып жатыр. Кәсіпкерлермен кездескен кезде әкімшілік істер жөніндегі алқа құрылатыны туралы айттым. Бұрын ол болмаған. Ол алқа кәсіпкерлердің проблемаларын, инвестициялық дауларды қарайды, – деді Президент. Сонымен бірге, Мемлекет басшысы судьяларды іріктеуде қандай қасиеттеріне басты назар аударылатынын атады. «Біз қазір Жоғарғы Сот кеңесінің мәртебесін айтарлықтай көтеріп жатырмыз. Судьяларды іріктеуде осы кеңес шешуші рөл атқаруға тиіс. Біз судьялар корпусына бағыттап жатқан адамдардың кейбірі кәсіби маман да емес шығар. Бірақ судьяның кәсіби маман болуы оның әділ төрелік ететініне кепіл бола алмайды ғой. Біз корпоративтік сектор саласынан және өзге де салалардан адамдарды жолдаймыз. Яғни, судьялардың кәсіби мәртебесін, кәсіби құрамын түрлендіру керек. Әрине, басты өлшем парасаттылық пен адалдық болуы шарт», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«NUR OTAN» МЕМЛЕКЕТШІЛДЕР ПАРТИЯСЫ БОЛА АЛА МА?»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әуелгі әңгімені ресми іс шаралардан бастасак, жиынға Президент, Елбасы, Президент Әкімшілігінің басшылығы, партияның Саяси кеңесінің мүшелері қатысты. Съезде «Nur Otan» партиясының тәрағалығына өзгеріс енгізілді, «Nur Otan» партиясының саяси кеңесінің жаңа құрамы жария болды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты «Nur Otan» партиясының тәрағалығына сайлау туралы съезд қаулысы қабылданғаннан кейін, Президент көпшіліктің көңілін күпті еткен елеулі жайларға тоқталды. «Құзырлы органдар кінәлі адамдарды анықтап, жауапқа тарту үшін тергеу жүргізуде. Бұл жұмыс тек заң аясында жүзеге асырылатынына күмән болмауға тиіс. Бәрі Бас Прокуратураның және менің жеке бақылауыма болады. Адам құқығын міндетті түрде сақтаймыз. Бұдан былай мұндай қасіретке жол бермейміз», – деді Президент.

Мемлекет басшысы қоғамдық құндылықтар жайлы да сөз қозғайды. Қоғамдық құндылық деген не? Қоғамдық құндылық – ұлттың тілі, ділі, діні, әл-ауқаты, тұрмыс-салты. Тұтастай ұлт статусының анықтамасына топтасқан осындай құндылықтар ақсап, ұлт деградациясы басталғанда халық тұтастығы мен бірлігіне қауіп төнеді. Қазақстан билігіне ел басқару ісіндегі осындай кемшіліктер мен келеңсіздіктерін саралайтын, халықтың алдындағы әр қылмысы үшін ашық жауап беріп, мемлекеттік қызметтегі жемқорлардың ағынан жарылатын уақыты туғандай. Мұндай мәжбүрлі ахуалды оларға кешегі жалаң оққа жалаңаш колмен ұмтылған жастар туғызды. Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан» бағдарламасы осы олқылықтың орнын толтыруға ұмтылуда. Бұл ретте Мемлекет басшысы жиын барысында қоғамдық

құндылықтар жүйесіне, саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларға түбегейлі өзгеріс енгізу қажет екенін, азаматтық қоғам институттарына зор міндеттер жүктелетінін, соның ішінде саяси партиялар айрықша рөл атқаруы тиіс екенін жеткізді.

– Соның ішінде біздің партиямыздың алатын орны ерекше. «Nur Otan» Қазақстанды нығайтуға бағытталған маңызды реформалардың бастауында болып, түрлі салада нақты жетістікке жетуімізге елеулі үлесін қосты. Елбасының 30 жылда ел мүддесі үшін атқарған жұмысын жоққа шығаруға болмайды. Бұл – тарихқа қиянат жасау деген сөз, – деді Мемлекет басшысы тағы бір тұста. Алайда, Президенттің осы сөзінен соң азаматтық қоғам ортасында бұл тұжырымға қарсы пікірдегілер де көбейді. «Егер біз Н.Назарбаевтың елге сіңірген еңбегін саралайтын болсақ, таразының ескіні жағдындағы кемшіліктерін де екішеп ашығын айтайық» – десті қоғамдық аудитория. «Өткенін қарағанда халықтың болашағы бұлыңғыр», – деген Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірі де көп талқысына негіз болды.

Президент «қасіретті қаңтар» оқиғасының тәуелсіздік жылдарындағы ең ауыр сынақ болғанын айтты. Қарапайым халықтың да жүрегінде өшпес із қалдырған «қаралы қаңтар» әлем назарын өзіне аударды. Түрлі халықаралық ұйымдар мен әлемнің азаматтық белсенділері елдегі дүрбелеңге қатысты деп бүгін де қамауда отырған азаматтардың құқығына алаңдаулы.

Осы ретте Президент бұл оқиғалардың барлық себеп-салдарын терең талдап, тиісті сабақ алу қажеттігін айтты. «Еліміз дамудың өте күрделі кезеңіне аяқ басқанын түсіне отырып, «Nur Otan» партиясын басқару ұсынысын ризашылықпен қабылдаймын. Бұл шешім партияны трансформациялау және бүкіл қоғамды ұйыстыру жұмыстарына

кірісуге дайындықты білдіреді. Осы ретте мен Мемлекет басшысы ретінде ашық және әділ саяси бәсекелестік болатынына кепілдік беремін. Менің конституциялық міндетім – барлық билік тармағының келісілген іс-әрекетін және мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету. Әрине, бұл жағдайлар Президенттің кез келген партия мен қозғалыстардың қызметінен белгілі бір дәрежеде алшақтауын талап етеді. Сондықтан біраз уақыттан кейін, бәлкім осы жылдың ішінде, «Nur Otan» партиясына одан әрі тәрағалық етуімнің орындылығы туралы мәселеге қайта ораламыз. Мемлекет басшысының тең қашықтықтағы мәртебесі саяси реформалардың ауқымды топтамасында біржола бекітілуі керек. «Nur Otan» өзін-өзі жаңартуы керек. Партияның бүкіл жұмысын сөз жүзінде ғана емес, түбегейлі қайта құру қажет. Партияның өміршеңдігі сайлауалды уәделердің қаншалықты орындалатынына байланысты екенін түсіну керек. Менің ойымша, шындыққа жанаспайтын және орындалмайтын уәде бермеген абзал. «Арық айтып, семіз шыққан» жөн. Ақиқатқа тура қарау қажет. Сондықтан партия Үкіметпен және әкімдіктермен бірлесе отырып, сайлау алдындағы уәделердің орындалуын түбегейлі қадағалауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

«Nur Otan» – еліміздің негізгі саяси күші. Сондықтан Қазақстанның болашағы үшін, ең алдымен, біздің партиямыз жауапты. Әрқайсысымыз осы жауапкершілікті терең сезініп, жұмыс істеуіміз қажет. Шын мәнінде, «Nur Otan» мемлекетшілдер партиясы болуы керек. Ұйым мүшелері мемлекет мүддесін бәрінен биік қоюға тиіс, – деп сөзін қорытындылады партия тәрағасы.

Ж.ҚУДАЙБЕРГЕН



ӨЗ ӨНІМІМІЗДІҢ БАҒАСЫ НЕГЕ ТӨМЕН?

Егер нақты мәліметке жүгінер болсақ 2015 жылы еліміз 2 млрд доллардың 7,5 млрд тонна өнімін экспорттаған. Оның 5,1 млрд тоннасы өсімдік (1,1 млрд доллардың), 39,8 млн тоннасы (39,8 млн доллар) мал шаруашылығы саласына тиесілі. Олардың ішінде өңделгені 2,3 млрд тоннаның 945 млн доллардың өнімін ғана құрады. Ал 3,2 млрд доллардың 7 млрд тонналық импорттық өнімінің 1,4 млрд тоннасы өсімдік (882,2 млн доллардың), 61,4 млн тоннасы мал (128,4 млн доллардың) шаруашылығына тиесілі болды. Ондағы өңделген өнімнің үлесі 45,3 пайызды немесе 5,5 млрд тоннаның 2,2 млрд долларлық өнімі болды.

2021 жылғы 11 айдың есебі бойынша 9,6 млрд тоннаның 3,3 млрд долларлық экспорттық өнімінің 7,1 млрд тоннасы өсімдік (1,9 млрд доллардың), 132,6 млн тоннасы мал (135 млн доллардың) шаруашылығының үлесінде болды. Ондағы өңделгені 2,3 млрд тоннаның 1,2 млрд долларлық өнімін құрады. Ал 8,2 млрд тоннаның 4,1 млрд долларлық импорттық өнімдерінің 2,3 млрд тоннасы өсімдік (956,7 млн доллардың), 87,9 млн тоннасы мал (271 млн доллардың) шаруашылығының үлесінде. Олардың өңделгені 5,7 млрд тоннаның 2,9 млрд долларлық өнімі болды.

Егер агроөнеркәсіп саласындағы экспорттық өңделген өнімдердің 2015–2021 жылдардағы үлесіне жеке тоқталар болсақ ол 2015 жылы – 45,3%; 2016 жылы – 46,1%; 2017 жылы – 44,7%; 2018 жылы – 36,7 %; 2019 жылы – 33,9%; 2020 жылы – 39,9% ; 2021 жылы – 37,6 % көлемінде болғанын аңғаруға болады.

Мемлекет басшысы 11 қаңтарда Парламент Мәжілісінде сөйлеген сөзінде: «ауыл шаруашылығына ерекше назар аудару керек. Соңғы жылы елімізде қуаңшылық болды. Былтырға қарағанда жиналған астық көлемі 4 миллион тоннаға кеміді. Бұл шикізатпен және жем-шөппен қамтамасыз ету ісіне әсер етті. Болжам бойынша биыл да ахуал күрделі болуы мүмкін. Үкімет тұқыммен, жем-шөппен, тыңайтқышпен қамтамасыз ету мәселелерін және егін егу науқанын қатаң бақылауда ұстауға тиіс. Алдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешу қажет. Бұл Үкімет пен әкімдердің алдында тұрған негізгі басымдық екеніне айрықша назар аударамын. Егер нарықта азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейді» деген еді. Ал азық-түлік тауарларын көбейту үшін, еңбек өнімділігін арттыруға қатысты нақты шаралар қажет. Өйтпесе, бұл саладағы мемлекеттік бағдарлама мен ұлттық жобадағы мақсат-міндеттердің орындалуында сөзбен істің алшақтық өзгермеуі де мүмкін.

Сіз не дейсіз?

Болатқан МАҚАТОВ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ауыл шаруашылығы ғылымы академиясының академигі:

– Өндірілетін өнімнен алынатын қосымша табыстың көзі – өңдеу. Неғұрлым терең өңделген сайын оның табысы да көбейеді. Сол себепті бізге қазір ең алдымен өңдеу өнеркәсібіне көбірек көңіл бөлуіміз қажет.

Мәселен, бізде кезінде 36 млн қой өсіріліп, одан 130 мың тоннаға дейін жүн өндірілді. Оны өңдейтін өзімізде бірнеше өндіріс орны болды. Алматыда мақта-мата комбинаты, Қарғалы мен Қостанайда шұға комбинаты және тағы басқалар. Ер адамның бір костюміне 800 грам жуық жүн керек екен. Бізде қазір 18 млн ұсақ мал қалды. Оның 80 пайызы қылышқ жүнді боп кетті. Атақты биязы жүнді қойдың тұқымы азайды. Бұрын біз әр өңірге бейімделген 5 биязы жүнді қой тұқымын шығарғанбыз. Былтыр қазақтың алғашқы биязы жүнді қой тұқымының шығарылғанына 75 жыл толды. Содан енді айырылып отырмыз. Себебі, жүн өндіру тиімсіз боп қалды. Тері де өңдеусіз қалып отыр. Егер ауыл шаруашылығын дұрыс жолға қойғымыз келсе қайтадан өңдеу өнеркәсібіне арналған жаңа мемлекеттік бағдарлама жасау керек. Қолданыстағы «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобада» бұл толық қамтылмаған.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҰСЫНЫС

КЕЗЕКТІ, КЕЗЕКСІЗ СЪЕЗДЕРДІ ШОУҒА АЙНАЛДЫРМАҒАН ЖӨН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жарғыда жазылған ережелер, былай қарағанда, өте керемет, дұрыс жазылған, яғни тек халықтың мүддесін ғана қорғайтын бірден бір партия. Менің жеке пікірімше партия жарғысы өте күрделі жазылған, көлемі өте ауқымды. Шыны керек, оны түсіну үшін қайта-қайта оқу керек. Ресей Федерациясының «Единая Россия» партиясының жарғысымен де танысқан едім. Сонда байқағандым, біздің жарғыдағы көптеген ережелер, Ресей партиясының жарғысынан көшірілген сияқты көрінді. Партия жарғысы 01.03.1999 жылы қабылданған күннен бастап, осы болатын кезексіз съезге дейін 23 жылға таяу уақыт өткен. Сол аралықта, «Nur Otan» партиясының кезекті, кезексіз жиырма сөзі өтіп, партия жарғысына бар болғаны алты рет өзгертулер мен толықтырулар ғана енгізілген. Партияның жұмысы да тірі организм сияқты, яғни қоғамда болып жатқан өзгерістерге сай, оның жұмысы да өзгеріп тұруы, жаңартылуы керек болатын.

Партияның жарғысы толықтырылып өзгерістер енгізілсе осы көтерілген мәселелер де толыққанды қаралып, қазіргі елімізде қалыптасқан саяси жағдайға сай шешілгенін қалар едік.

Ертеректе, яғни сол кездері «Nur Otan» партиясының хатшысы болған, ал қазіргі таңда Мемлекеттік хатшы лауазымындағы Ерлан Карин мырзаның журналистерге берген бір сұхбаты есте қалыпты. Сонда ол еліміз бойынша, сол кезенге дейін (одан бері де төрт-бес жыл өткен сияқты) бір миллионға жуық партия мүшелері бар екендігін,

мақтанышпен атап өткен еді. Алматыда, Таразда, Қызылордада және тағы басқа қалаларда бүлікшілер «Nur Otan» партиясының гимараттарына шабуыл жасап, сонынан өртеп жібергендерін өз көзімізбен көрдік. Осындайда, сол кездері миллионға жуық «Nur Otan» партиясының мүшелері қайда болды деген заңды сұрақ туындайды?! Партия мүшелері неліктен оларға дер кезінде тойтарыс бермей, өз бастарын сауғалап, гимараттарын тастай сала қашты?! Елімізге шабуыл жасаған содырлардың саны жиырма мыңдай делінген хабар тарады, осылай бола тұрса да, не себепті соларды ауыздықтауға партияның миллион мүшесінің шамасы келмегені таң қалдырады.

Қазір БАҚ беттерінде, елге белгілі болған бірен-саран азаматтардың партия қатарынан шығуға арыз беріп жатқандарын көруге болады. Сондықтан, болашақта партия мүшелерінің көптігіне, қыруар санына емес, сапасына, патриоттық сезімдеріне назар аудару қажет.

Сондай-ақ, БАҚ беттерінде, теледидардан көріп жүргеніміздей – соңғы кездері өткізілген «Nur Otan» партиясының кезекті, кезексіз съездері ел деңгейіндегі үлкен шоуға айналып кетті. Съезд делегаттары, партия басшылары, қатысып отырған қонақтар біркелкі сары-ала киімдер киіп, мойындарына сары шарфтарын тағып, бірду-дырду жалаң ұрандар тастаумен, бір кісінің басын дәріптеумен ғана шектеліп жатады. Келешекте мұндай арзан ойын-сауыққа шектеу қойып, съезд жұмысы тек партия жарғысы талаптарына сай өтулерін қатаң бақылау қажет.

Сонымен қатар, Партия жарғысының 14.4-бабының талаптарына сәйкес – Пар-



тияның жалауы мен логотипін де түбегейлі өзгерту қажет деп санаймын. Бұл мәселені съез делегаттарының, қалың жұртшылықтың пікірлерін ескере отырып, шешу қажет.

Ал, Партияның әнұраны ретінде, ҚР Халық әртісі Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін таңдаса болады деп ойлаймын (сөзін жазған белгілі ақын Қадыр Мырза Әлі). Өйткені, бұл ән рухты оятап, жігер-күш беретін, қазақ халқының ерекше сүйіспеншілігіне бөленген нағыз патриоттық туынды. Өн басталған сәтте-ақ, барлық қазақ жатқа айтып, қосыла жөнелетін бірегей әндердің бірі.

А.МАТИБАЕВА, Алматы технологиялық университетінің «Тағам технологиялары» факультетінің «Тағам өнімдерінің технологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры

КЕЛБЕТ

...Ілгерірек жылдары Нәкең, судья Нәсіпқали Қожымұлы Жақыповпен бір кабинетте үш жыл қатар отырып қызмет жасағаным бар.

Қала төңірегіндегі Зеленов аудандық сотының төрағасы болып жұмыс жасап, зейнет жасына толуына байланысты доғарысқа шыққан Нәкең ширек ғасырдан астам қызмет еткен сот саласын қимады ма, әлде әріптестерін сағына ма, облыстық сотқа жиі келгіштен жүрді. Тап осы кезде ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетінің облыстардағы Сот әкімшілерінің жанынан ішкі қауіпсіздік қызметі ашылды да, оған келісім қағидасына сәйкес бас маман міндетін атқаруға кәсіби қызметкерлермен қатар, доғарыстағы судьяларды да қызметке алуға рұқсат етілді. Бұл Нәкең үшін «Құланның қасуына, мылтықтың басуындай» дөп келді. Облыстық сот басшылығы соттың өз шекпенінен шыққан, зейнет жасына қажымай тың жеткен, судьялық қызметінде мін болмаған Нәкеңді қош көрген.

Достық даңғылының бойындағы күрделі жөндеуден өткізілген сәулетті ғимараттың облыстық сотқа берілгеніне онша көп болмаған, сынғырлап тұрған уақыты. Сол жылдары жаңадан құрылып, осы ғимараттың бесінші қабатын түгел жайлап отырған Батыс Қазақстан облыстық сотының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты дербес мекенжайға көшті де, даңғарадай кабинеттер босап қалды. Облыстық сотта бас маман – баспасөз хатшысы болып жұмыс жасап жүрген маған да осындай кең де, әсем кабинеттің бірі бұйырып, мына ат шаптырым үлкен бөлме шынымен жалғыз өзіме ғана бұйырыпты ма деп дағдарынқырап отырғаным сол еді, менің елегізген көңіл-күйімді тура сезгендей кеңсе басшыларының бірі Нәкеңді ілестіріп келіп, осы кабинетке, қарсыма орналаса беруді ұсынды.

Бұрын судья, аудандық сот төрағасы болған, қазіргі лауазымы да дырдай, судьялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлімінің бастығы болғанымен, шіреніп немесе әлдебіреулердей ізгіленіп, кісіміп жүрген жан жоқ. Әудем уақыт өткенде төменде жүретін приставтар-ау деймін, бір-екі жас жігіт кеңсе заманында кеңселерде тұратын ескілеу модельдегі үлкен столды әкеліп, кіргізіп беріп кетті. Оның артынан ескілеу компьютер келді. Бірақ оны Нәкең іске қосқан жоқ. Қоржынынан қағаздарын шығарды да, қаламсабымен сыпыртып бірдеңелерді жазып тастап, лып етіп шығып кетті. Бір келгенде қолына күнпарақ тұғырын ұстап келіп, столына қойды. Енді бірде



ЖАҚСЫНЫҢ ЖАНЫ – ЖОМАРТ, ЖОЛЫ – ДАҢҒЫЛ

көнетоздау темір киім ілгішін алып келді. Екінші күні терезенің алдына гүлді құмыралар жайғастырылды. Сөйтіп, Нәкең аннан-мұннан құрап, жағдайды өзіне-өзі жасап жатты.

Біраз күн өткенде алдына бір қара, бір ақ телефон келді. Бар гәп қара телефон болды-ау деймін. Іле-шала қара кобдишаның номерін «сенім телефоны» деп, газетке хабарландыру әзірледі. Оның мәтіні де маржандай етіп тізіп, колмен жазды. Газетке ол күйінде беруге болмайды.

– Әбес, мынаны компьютеріңе басып берші, – деп маған әкеліп берді. Өзінің компьютері әлі қосылған да жоқ.

Бақсам Нәкең, компьютердің тілін әлі меңгермеген екен. Күндердің күнінде үйренбекші болып, компьютерін қосып алды. Әріпттері жем шоқыған құстарша бір сауасакпен түрткілеп отырғаны. Онымен өндіре алмайды. Ал қаламсаппен жазғанда қағаз шыдапайды. Жұмысты отырып емес, жартылай жүріп жасайды. Спорт десе аркасы қозады. Оқтын-оқтын сол жылдары дәліз түкірінде орнатылған теннис үстеліне барып ойнап, қара терге малшынып қайтатынын қайтерсін. Мұндайда ол тіпті өзінің пайғамбар жасынан асып кеткенін де естен шығарып алатындай. Бақсам спорт Нәкеңнің бала жастан бойына дарыған айнымас серігі екен. Тіпті жастау кезінде спорт қайраткерінің нақ өзі болыпты.

Нәкең 1942 жылы 10 қаңтарда Тасқала ауданының І Шежін ауылында дүниеге келген. Әкесі Қожым ел қорғауға майданға аттанғанда, іште қалған үш айлық нәресте, қатарының алды болып жетілді. Онжылдықты бітіргесін заманының ауанына қарай қалыптасқан тәртіп бойынша Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын өтеуге аттанады. Бақандай үш жылын Еуропа жерінде өткізіп, азаматтық борышын Германияда өтеп, елге есейіп, жастық жалыны лапылдап, отаншылдық рухы тасқындап келген Нәкең жұмыс бабын қарастырмақ болып ат басын бірден аудандық комсомол комитетіне тірейді. Ондағылар «Қайда барғың келеді?» – деп сұрауын сұрағанмен, жігерлі жас жігіттерді аса қажетсініп тұрған ішкі істер органына барғанын хош көреді.

Барса милиция бастығы барып тұрған чекістің шекілеуінің өзі екен. Жас жігітті сағат бойы тергеудің астына алады. Саусағында темір сақинасы бар еді. «Мынауың не, неге тағасың?» деп бейне бір шпион көргендей шұқшияды. Аудандық ішкі істер мекемесінен безінгендей болып шыққан жас жігіт енді аудандық сотқа бас ұғады. Ондағы сот төрағасы: «Өз орнымды босатып бермесе, беретін жұмысым жоқ» деп сынар езуленеді. Әлқисса, арада жылдар өткенде Нәкең тап осы кабинетте, нақ сол сот төрағасын алмастырып, орнына отырады. Ол жөнінде сәл кейінірек...

Заң қоғамдық тәртіп төңірегінде қызмет жасағысы келген арманы әп-сәтте сағымға айналып, ақыры аудан орталығындағы Ленин атындағы кеңшардың жұмысшылар кооперациясына барып, әскерден меңгеріп келген жүргізушілік мамандығын жалғастырып, мекеменің темір тұлпарының тізгінін тартады.

Спорт десе ішкен асын жерге қоятын, волейболдан, жалпы дене шынықтыру дайындығынан спорттық разряды бар жас жігіт шоферлық кәсібін атқара жүріп, қолы қалт еткенде спорт секцияларына барып, жарыстарға қатысып көзге түседі де, күзге салым Камен (қазіргі Тасқала) орта мектебіне дене шынықтыру пәнінен сабақ беретін оқытушылық қызметке шақырылады. Кейін аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне нұсқаушы қызметіне ауысады.

көрінбейді. Күндердің күнінде бұл сотқа келердің алдында ғана зейнеткерлікке шығып кеткен әлгі төрағаны көшеден жолықтырып:

– Кезінде маған айтқан сөзің есіңзде ме, сол тұста болмағанмен, ақыры орныңызға отырдым, – дейді, өткен күндерді еске алып, бір жағынан әзілге шаптырып.

– Дүние дөңгелек деген осы, інім, болмайтын кезде күштесен де ала алмайсың, кезегің келсе қашсаң да құтылмайсың, орның құтты болсын! – деп күліп, екеуі құшақ айқастырған.

Шынында да, бұл Нәкеңе құтты орын болды. Өзінің жайлы, жайсаң мінезімен, адамгершілік қабілетімен елге жұғымды, ісіне адал Нәкең қызмет бабымен судья болған екі ауданда да екі мерзім қызмет жасады. Ал соңғы

Іскерлігіне қоса, ұйымдастырушылық қабілетін таныта білген ол қызметте тағы өрлейді. Халық депутаттары аудандық комитетінің жанындағы дене шынықтыру және спорт комитетінің төрағасы болып тағайындалып, оны сегіз жыл үзбей атқарды. Осы жылдары Тасқала өңірінің спортында Нәкеңнің өшпес қолтаңбасы қалды. 1979 жылы ауданда қазақша күрестен Кеңес Одағының Батыры, тасқалалық Садық Жақсығұлов атындағы республикалық біріншілік ұйымдастыруға ұйытқы болды. Сол дәстүр күні бүгінге дейін берік орнығы қалды.

Аудандағы билік органдарын төңіректеп жүріп, сырттай жоғары заңгерлік мамандық алып, 1977 жылы Тайпақ аудандық прокуратурасының тергеушісі қызметіне тағайындалды. Осы салада екі жыл қызмет істеп жүріп, судьялық лауазымға ұсынылады. 1987–1990 жылдары Фурманов (бұрынғы Жалпақтал, кейін Касталовка) аудандық сотының төрағасы болды.

...Әлқисса, енді осы мақаланың бас жағында оқырманды емірендіріп кеткен оқиғаға оралайық. 1990 жылы сәуір айында Зеленов аудандық сотына төраға болып тағайындалып, баяғы әскерден келгенде бас сұққан аудандық сот ғимаратына келсе, сол баяғы кабинет Ештеңе өзгермеген. «Өз орнымды босатып бермесем, беретін жұмысым жоқ» дейтін қыңыр төраға ғана көзге

судьялық қызметін атқарған Зеленов аудандық сотында 2005 жылғы шілде айында зейнет жасына толып, доғарысқа шыққанда дейін күректің он бес жыл бойы отырды. Белсенді қоғамдық қызметі үшін «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.

Нәкең доғарыста жүрсе де дамыл тапқан емес. Үш жыл облыстық соттың ішкі қауіпсіздік қызметінде істегеннен кейін, облыстық жұмыспен қамту, үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында заңгерлік қызмет атқарды.

Қайда жүрсе де сот жүйесіндегі әріптестерінен қол үзген жоқ. Зейнеткерлікте жүріп соттың қоғамдық өміріне араласты. Соттың ардагерлер кеңесінің жұмысын ұйымдастыруға арсалды. 2013 жылы Батыс өңірдің ардагерлері атынан астанада өткен республика судьяларының VI съезіне қатысты. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақстан Республикасы Судьялар одағының «Сот жүйесінің ардагері» медалімен марапатталды.

Бүгінде сексеннің сеңгіріне көтеріліп бара жатқан Нәкең Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны. Абырой биігінен түспеген абыз ақсақалдың өнегелі жолы кейінгі әріптестеріне жұғысты болғай.

Аманкелді ШАХИН
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ТҮТІНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

БАНКТІК ҚАРЫЗ ШАРТТАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ДАУЛАР

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы заңында банктік қарыз шарттарынан туындайтын дауларды міндетті түрде сотқа дейін реттеу тәртібі көзделген. Заңға сәйкес банктер қарыз алушылар арасында туындаған дауды сотқа дейін реттеу мақсатында заңда көзделген барлық белсенді шараларды қабылдауы тиіс. Мәселен, тараптармен әңгіме жүргізу, қарызды екі жаққа тиімді жолмен өтеу жайлы ұсыныстар жасау. Оның ішінде банктік қарыз шартының орындалуы тәртібіне өзгерістер енгізу және т.б.

Заңның 36-бабының талабына сәйкес, банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған кезде, банк банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен және мерзімдерде қарыз алушыны: банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімді өткізіп алудың туындағаны және берешектің мөлшерін көрсете отырып, банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді енгізу қажеттігін; банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы – жеке тұлғаның банкке өтініш жасау құқығын; қарыз алушының банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауының салдары туралы хабардар етуге міндетті.

Алайда, көп жағдайда банктер хабарламаларында қарыз алушыларды тек берешек мөлшерін көрсете отырып, төлемдерді енгізу қажеттігі және міндеттемені орындау салдары туралы ғана хабардар етеді. Банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушыларға аталған заңда көзделген құқықтары жайлы түсіндірілмейді. Оның ішінде, қарыз алушы хабарлама-

ны алғаннан кейін қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде банкке баруға және өзінің банктік қарыз шартының талаптарына, оның ішінде: банктік қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгертуге; шет ел валютасымен берілген банктік қарыз бойынша негізгі борыштың қалдық сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгертуге; негізгі борыш және сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыруға; берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге; банктік қарыз мерзімін өзгертуге; мерзімі өткен негізгі борышты және сыйақыны кешіруге, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсім-пұлдың), банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдердің күшін жоюға; сатып алушыға банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізуге байланысты өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістер және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді жазбаша нысанда өтініш не банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен ұсынуға құқылы. Өкінішке орай, аталған әрекеттерді банктер формальды түрде жүргізеді.

Банктерде заңда көзделген сотқа жүгінуге мерзімі сақталмайды, іс құжаттарына қарыз алушыға хабарламаның тиісті түрде

табыс етілгені жайлы мәлімет және қарыз алушының банк талабына байланысты пікірі тіркелмейді.

Өз кезегінде, «Банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша азаматтық істерді қараудың сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 25 қарашадағы №7 нормативтік қаулысындағы 19, 23-тармақтарының талабы бойынша, егер сот хабарламаның қарыз алушыға жіберілмегенін не заң талаптары бұзылып жіберілгенін анықтаса, онда аталған мән-жайлар орын алған кезде судья талап қою арызын қайтарады. Өйткені, талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамаған және осы тәртіпті қолдану мүмкіндігі жойылмаған. Ал, егер талап қою ісін жүргізуге қабылданса, онда ол қараусыз қалдырылады.

Сонымен қатар, кепіл мүлкін сот тәртібінен тыс өткізу кредит беруші – кепіл ұстаушының құқығы болып табылады және осы мүлікті соттың шешімімен өткізу мүмкіндігін алып тастамайды. Сондықтан, мүлікті соттан тыс өткізу дауды сотқа дейін шешудің міндетті тәртібі болып табылмайтын ескерген жәнә, кепіл ұстаушының кепілге қойылған мүлікті соттан тыс тәртібімен өткізуді қолданбауы, соттың арызды дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамағаны бойынша қараусыз қалдыруына негіз болып табылмайды.

Ахметжан ЕСДАУЛЕТОВ,
Қызылорда облыстық сотының судьясы

БАЗЫНА

СЕНІМ МЕН САУАТ

Қазақстан Республикасы 30 жылда құқықтық мемлекет құру, зайырлы ел болу үшін қажетті қаламдар жасалды. Алайда, азаматтардың бәрі бірдей құқықтық тұрғыдан сауатты деуге әлі ерте. Оны сотта қаралатын іс, материалдардан анық аңғаруға болады.

Құқықтық сауаттың кемдігі мен көзсіз сену азаматтардың сергелденге түсіп, сотта сандалуына түрткі болатын ең негізгі себеп. Мысалы, көптеген азаматтар өзі танытын әріптесіне, досына, көршісіне қолжағасы қарыз беріп, берешегін қайтара алмаған соң сот арқылы құқығын қорғайды. Бірақ сотта өз сөзінің растығын айғақтайтын бір де бір нақты дәлел, айғақ жоқ. «Бердім, қайтармады» деген бір тараптың сөзіне екінші тарап «ешқашан қарыз алған емеспін. Дәлелдесін! Дәлелдемесе, мені қаралағаны үшін сот арқылы моральдық өтемақы талап етемін» деп жатады. Мұндайда соттың қолы қысқа. Сот тек заңды басшылыққа ала отырып шешім шығарады.

Осындай деректер біздің елімізде құқықтық сауатты арттыру бағытында әлі де көп жұмыстар жүргізілуі керектігін айғақтайды. Заңнаманы түсіндіру, өз құқығыңды қорғаудың әліппесін үйрену, өзгелерге құқығыңды таптықтаудың заңдық негізін білу мектеп қабырғасынан бастап үйретілуі керек. Біздің азаматтар басына іс түскенде қай құзырлы мекемеге барып, кімнен көмек сұрайтынын да білмейді. Қарапайым арызды жазудың тәртібін де меңгермеген. Сондықтан олар осындай қадамдар үшін де заңгерлерден ақылы кеңес алуға мәжбүр. Өз құқығын қорғаудың негізін білмегендіктен кейбірі мәселені жылы жауып қоятыны да белгілі. Құқықтық дамыған мемлекетте бұлай болмауы керек. Кез келген азаматтың құқығы тапталмауы тиіс.

Міне соның барлығы мектеп, колледж, жоғары оқу орындарында жан-жақты оқытылуы керек. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында сенім мен құқықтық сауаттың ара жігін ашып көрсететін, азаматтардың заңдық білімін жетілдіретін танымдық мақалалар жиі жарияланғаны дұрыс. Бүгінде әлеуметтік желілерді азаматтар үнемі қадағалап, бақылап отырады. Осы әлеуметтік желілердің мүмкіндігін пайдаланып азаматтарға құқықтық кеңес беруді дәстүрге айналдырақ нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, азаматтар сотқа құқығы тапталып, әділдік таба алмаған соң келеді. Ал бұл кезде азаматтарға кеңес беру, заңсыздықтың алдын алу мүмкін емес. Көзі ашық халықтың заңсыздық құрбаны болмайтынын қаперден шығармайық.

Т.ЖҰМАМҰРАТОВ,
Медеу аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әрине материалдық құндылық керек, бірақ оны өмірдің мақсаты етуге болмайды. Адамның қоғамның басты мақсаты рухани даму болу керек. Біз қайда бара жатырмыз, біздің болашағымыз не болады деген сұраққа нақты жауап қажет. Бұл тек Қазақстан халқының ғана емес, бүкіл адамзат баласының көкейкесті мәселесі. Бұл жерде ешкімге ешқандай жаңалық ашудың қажеті жоқ.

– Жаңа экономикалық саясаттың негізін қалайтын Президент айтқан негізгі қағидаттар туралы ойыңыз қандай?

– Мемлекет басшысы кәсіпкерлермен кездесуде атаған – жеке меншікке қол сұқпау; инвестициялық климат; шынайы бәсеке; тиімді салық саясаты; сатып алуларды реформалау; мемлекеттің экономикаға араласуын төмендету; әкімшілік кедергілерді жоюдың экономикалық саясаттағы маңызын ешкім жоққа шығармайды. Бұл жердегі негізгі мәселе оларды жүзеге асыруға келіп тіреліп тұр. Біз экономиканы басымдық қыламыз ба, жоқ оны өз орнына қоямыз ба? Соны ашық айтуымыз керек. Мақсатсыз өмір сүруге болмайды.

– Мемлекеттік бюджет кірісінің төмендігінің басты себебі анықталды ма?

– Бюджеттің жағдайы қиын екенін барлық адам түсінуі тиіс. Қазір әлемде экономикалық дағдарыс жүріп жатыр. Бұл пандемияға байланысты болып отыр. Көп бизнес тоқтап қалып жатыр. Соған байланысты өнім өндіру азайды. Бұл бюджеттің жағдайын нашарлатып. Өнім азайған соң кіріс те, салық та азаяды ғой. Қазіргі болып жатқан экономикалық дағдарысты пандемияға байланысты қарау керек. Әрине бұрыннан келе жатқан мәселелер де бар. Бірақ қазіргі таңда көз алдымызға шығып тұрғаны пандемияға байланысты дағдарыс. Медицина мамандары пандемия әлі де жалғасады дейді. Бірақ ол да ерте ме, кеш пе бәрібір өтеді. Сондықтан бұл жағдай түзелген соң біздің жағдайымыз қалай болу керек деген сұраққа осы бастан қам жасауымыз қажет.

Егер мәселенің түбіріне назар аударатын болсақ мемлекеттік бюджет кірісі төмендігінің бір ұшы жемқорлықта жатқанын аңғаруға болады. Жемқорлық ұлғайған сайын мемлекетке түсетін табыс та азаяды. Біздің дамуымызға кедергі болып тұрған негізгі себеп сол. Одан кейін өнім өндіру көлемінің төмендігі. Оны ұлғайту үшін өзімізде өндірілетін шикізатты өңдеу ісін қолға алуды арттыру қажеттігі бұрыннан айтылып келе жатқанымен, әзірге оның нәтижесін көре алмай жүрміз.

– Жемқорлықты жеңудің жолы бар ма?

– Жемқорлықты жеңудің бір жолы – дін. Құдайдан қорыққан адам теріс әрекетке бармайды. Егер экономика таза болса жемқорлық та болмайды. Ондай елдер әлемде бар ғой. Сонымен қатар, әркім өз баласын дұрыс тәрбиелесе ол да жемқорлықты азайтады. Адам үкіметтен, заңнан бұрын Алладан да қорқады.

– Жаңа экономикалық саясаттың үлгісі бар ма?

– Әрине бар. Ислам әлемі рухани дамуды жоғары қояды. Оны күллі әлем іштей мойындайды. Материалдық емес, рухани дамуды басымдық еткен елдердің бәрі бірдей кедей деп ешкім айта алмайды. Бабаларымыздан қалған «Байлық мұрат емес, кедейлік ұят емес» деген нақыл жайдан-жай айтылмаған.

– Болашаққа жасалатын қадамды қалай жасауға болады?

– Оған жауап беру үшін мына түсінікті еске алуымыз керек. Қоғам әлемде дуалды болады. Оның бір жағында материалдық құндылықтар, екінші жағында рухани құндылықтар тұр. Мәселенің бәрі оның қайсысы басым болу керек дегенге тіреледі. Әлем-

де материалдық байлықты құндылық санайтын елдер өте көп. Қазақстан да соларға еліктеушінің бірі болып отыр. Екінші елдер, әсіресе, ислам әлеміндегі елдер рухани дамуды басымдық санайды. Ондай елде болашақ та болады. Олар асып кеткен бай ел болмайды. Осы тұрғыдан қарағанда біздің Қазақстан қайда бара жатыр деген заңды сұрақ туады.

Біз көп жағдайда материалдық байлықты қуып бара жатқан сияқтымыз. Айтатынымыз бәрі ақша, байлық, экономиканы дамыту. Өзім экономист болсам да экономикалық саясатты бұлай түсіндіру дұрыс емес деп санаймын. Экономикалық даму ең алдымен рухани дамудың қажетін өтеуі керек. Рухани дамуды басымдық ретінде алға қоймаған ел ешқашан алысқа бармайды. Адамзат тарихында оған мысалдар өте көп. Тарихта талай халықтар қалай жойылып кеткенін бәріміз жақсы білеміз ғой. Бұл үрдіс қазір де жалғасып келе жатыр. Аттарын атамай-ай қойайын, жағдайы мүшкіл елдер жеткілікті. Соны біле тұра қалай біз оларға еліктейміз. Үкіметтің айтатыны тек экономика, дамыған АҚШ пен Еуропа елдерінен қалмау. Ал олардың сырты ғана жылтырап тұрғанымен, іші қалай бүлініп жатқанын ешкім елеп-ескеріп жүрген жоқ.



Ораз БАЙМУРАТОВ, Әлеуметтік экономика және қаржы институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы:

ҮЙЛЕСІМ ЖОҚ ЖЕРДЕ ДАМУ ЖОҚ

Рухани дамуда маңызы зор қоғамдық тәрбиені ешкім еш жерде айтпайды. Ең алдымен соны қолға алу керек. Қоғамды дамытудың негізі мықты болмаса, мемлекеттің сыртқы пішіні сақталғанмен оны ұлттық деп айту қиын.

– Қазақстан 2030 жылға дейін әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің, ал 2050 жылға қарай озық

бізге үлгі тұтуға бола ма? Меніңше жоқ. Біз болашаққа бағдар жасаған ел боламыз десек, құндылыққа деген көзқарасты өзгертіп, қоғамның үйлесімді тепе-теңдігін сақтауымыз қажет. Онсыз ешбір стратегиялық бағдарлама, тұжырымдама, жобалар мемлекетті дұрыс жолға түсіре алмайды.

– Қазақстанның жаңа эконо-

идеологияның әлсіздігінен сіз айтқандай әлемдік саясатта жұрттың бәрі тура жолдағыларды емес, адасқандарды көп айтады. Ал қоғамда әртүрлі адамның болуы заңдылық. Ол ешқашан біркелкі болмайды. Мәселенің бәрі тек қайсысы басым болу керек дегенге келіп тіреледі. Біз қоғамдық дамуда басымдықты рухани емес, экономикалық саясатқа беріп қойғандықтан ойлаудан, ойланудан да айырылып бара жатырмыз. Біз үшін өзгелер ойланып, өзіне тиімді саясатты санамызға өбден сіңіріп қойғандықтан, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін аңғарудан да қалған жайымыз бар.

– Мемлекет басшысы инфляцияның мақсатты дәлізі 2025 жылға қарай 3-4 пайыз деңгейінде болу керек дегенді айтып отыр. Бұл қаншалықты мүмкін нәрсе?

– Әрине мүмкін. Егер рухани дамуды негізгі басымдыққа айналдырсақ оны 1 пайыз етуге де болады. Байқап отырмын Президенттің атаған жаңа экономикалық саясатының негізгі қағидаттары бойынша сұрақты көп әзірлеп кепсіз. Оның бәрі шешілетін нәрсе. Егер біз тек бүгінгі күнмен ғана өмір сүріп, болашақты ойламасақ ол алдағы уақытта да солай боп қалады. Қоғамды дамытуда үлкен өзгеріс болмайды.

– Сіздің ойыңызша Жаңа Қазақстанның негізгі тұғыры не болу керек?

Бірінші руханият, екінші демография, үшінші демократия, төртінші экономика. Менің ойымша, қазір сіз жоғарыда айтқан экономикалық жағынан бәсекеге қабілетті дамыған 30 елде қазір ұлттық құндылықтар жойылып бара жатыр. Сондықтан, жаңа Қазақстанның негізгі тұғыры руханият, соған сай білім мен ғылым, халықтың ұлттық мінез-құлқы болуы қажет. Руханиятты

емес, материалдық құндылықты басымдыққа айналдырған АҚШ пен Еуропа елдерінде туу азайып, халықтың қартаюы белең алуда. Жұмыс күші жетпеген соң олар еңбек мигранттарын көптеп тартуға мәжбүр боп отыр. Сондай-ақ, көпшіліктің ғана емес, азшылықтың да құқық қорғаймыз деп демократияны желеу етіп бір жыныстылардың некесін заңдастыру сияқты адами құндылықтарды аздыру, әлсірету арқылы қоғамды алға дамытудың орнына кері сүйреуде. Олардың әрекеті батпаққа батып бара жатса да, одан құтылуға қам жасаудың орнына өзгелерді де өзімен бірге тартып алып бара жатқан адамның кейпін көзге елестетеді. Бір жыныстылар үйленбесін дегенді Неке және отбасы туралы заңға да енгізу қажет. Әйтпесе, қазір әркім ойына келгенін істеп жатыр. Оның түбі жақсылыққа апармайды

– Конституция бойынша Қазақстан зайырлы мемлекет. Дін мен мемлекет бір-бірінің ісіне араласпайды. Сонда діни мемлекет құрудың болашағы жоқ па?

– Статистика бойынша халықтың 70 пайызы дінге сенеді. Олардың басым бөлігі өзін мұсылман санайды. Сондықтан діни мемлекет құрудан қорқудың керегі жоқ. Зайырлы боламыз деп біржақты болмау керек.

Шындап келгенде зайырлылық деген коммунистердің сөзі ғой. Мұсылмандардың қасиетті Құран кітабында да сендерді рухани даму үшін жараттым деп жазылған. Шынайы дін руханиятты дамытады. Дінсіз елде руханият да болмайды.

– Еуразиялық экономикалық одақтың болашағы бар ма?

– Егер бәрі әділетті түрде жасалып, руханиятқа көбірек көңіл бөлінсе оның болашағы болады. Бірақ ол Еуроодақ болып кетпесін. Өйткені, оның рухани негізі жоқ. Онда болашақта ұлттық мемлекеттер болмай қалады. Германия сияқты елдер жұмыс істейтін адамы жоқ болғандықтан мигранттарға есік ашып қойды ғой. Егер демографияны дамытпаса, болашақта немістер ұлт ретінде азшылыққа түсіп, мемлекет ретінде тек сыртқы пішінін ғана сақтап қалуы мүмкін.

– Бізге ортақ валюта керек пе?

– Еуроодақтың жақсы жағын алып, жаман жағын қалдыратын болсақ қандай ұйым не одақ болмасын оның зиянынан пайдасы көп болады. Ортақ валюта, ортақ нарық болу керек әрдайым.

– Жұртшылық арасында зейнет жасын төмендетуге қатысты мәселе қызу талқыланып отыр. Ол қаншалықты негізді деп ойлайсыз?

– Ол демографияға байланысты нәрсе. Егер жастар көп болса адамдар зейнетке ерте шығуға мүмкіндік алады. Егер аз болса адамдар қартайғанша жұмыс жасауға мәжбүр болады. Өйткені, бізде ғана емес, бүкіл әлемде жұмысшылар жетіспей жатыр ғой.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ЖАЗБАНЫ ТОҚТАТУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Сот төрелігін жүзеге асыру бойынша жұмысты оңтайландырудың, сот ісін жүргізудің жоғары деңгейде ашықтығына қол жеткізудің негізгі бағыттарының бірі дыбыс-бейне жазбасын қолдану болып табылады. Дыбыс-бейне жазба құрылғысын сот отырысының хатшысы іске асырады, яғни сот отырысы басталмас бұрын оның іске жарамдылығын тексереді, ал техникалық ахуалға байланысты немесе басқа да себептерге байланысты қолдану мүмкіндігі болмаған жағдайда, бұл түйткілді сот отырысының хаттамасында міндетті түрде көрсетіп отырып, судьяға баяндайды. Сот отырысы аяқталғаннан кейін хатшы дыбыс-бейне жазба құралдарының техникалық ақауы туралы кеңсе меңгерушісін хабардар етеді, ал ол өз кезегінде облыстық және оған теңестірілген сот кеңсесіндегі ақпараттық технологиялар бойынша бас маманға хабарлайды. Дыбыс-бейнежазба құралдарын қолдануға мүмкіндіктің болмауы сот отырысын жалғастыруға кедергі бола алмайды.

Сот отырысын таспалау кезінде сот отырысының хатшысы тыңдағыштар арқылы тыңдау жолымен жазба сапасына ағымдағы бақылау, арнайы бағыттағы бағдарламада белгіленген дыбыс жазу эквалайзері және сыртқы дыбысқа тербелу эквалайзер шкаласының тербелуіне әсер етуін бақылау жолымен дыбыс-жазба кешенінің жұмысына жарамдылығына бақылау жасауды іске асырады. Сот отырысы барысында міндетті түрде сот процесіне әрбір қатысушының сөз сөйлеуін тіркеуінің дыбыс бөлігін басып тіркеліп отырады. Сондай-ақ, қысқаша хаттамадан кейін арнайы электронды жеткізгішке /DVD дискі/ жазып іске тіркеліп отырады. Сот отырысының дыбыс-бейнежазбасын заңсыз тоқтатуға немесе түзетуіне тыйым салынады. Шешім шыққан істердің дыбыс-бейне жазбасы соттың деректер сақтау серверінде 1 жылдан кем емес уақыт сақталады. Дыбыс-бейне жазбаның көшірмесі іске қатысушыларға арнайы нысан бойынша жазылған арыз негізінде беріледі, ал жабық сот отырысында қаралған жағдайда, іске қатысушы адамдарға және олардың өкілдеріне сот отырысының ды-

быс-бейне жазбасы берілмейді. Сот отырысының жазбасымен таныстыруды қамтамасыз ету мүмкіндігі сотта жүргізіледі. Қылмыстық істер бойынша сот отырысының дыбыс-бейне жазбасының көшірмесі сотқа өтініш түскен күннен бастап бес тәулік ішінде беріледі. Бұл жазбаның тиімділігі орасан зор, процесс барысында залдағы тәртіп сақталып, тараптар да, судья да өздерін заң талабына сай ұстайды. Бұл өз кезегінде істің тыңғылықты қаралуына да септігін тигізеді. Ал басты артықшылығы халықтың сотқа деген сенімін нығайтуға себеп болып, сот өндірісіндегі тазалық пен ашықтықты қамтамасыз етіп, азаматтардың конституциялық құқығын сақтауға айрықша маңыз береді. Заманға сай, сот жүйесіндегі ғылым мен техниканың жетістіктерінің бірі «Төрелік», «Сот кабинеті», «Дыбыс-бейне жазба құралын қолдану» сияқты тетіктер азаматтардың сот қызметіне қолжетімділігін жақсартады. **А.АХОНОВА,** Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

БАСТАМА

КӨКЕЙКЕСТІ

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

Елімізде жыл басында орын алған террорлық актілерден қаза тапқандар мен зардап шеккен адамдар санын Бас прокуратура мен Денсаулық сақтау министрлігі өкілдері бірлесіп өткізген брифингте ресми түрде мәлімдеді. Келтірілген ресми мәліметтерге сәйкес еліміз бойынша қаңтарда болған қайғылы оқиғадан жалпы 4 578 адам зардап шексе, оның 3 393-і құқық қорғау қызметкерлері. Террорлық шабуыл мен оған қарсы іс-қимылдар нәтижесінде еліміз бойынша 225 адам қаза тапса, оның ішінде 149 адам Алматы қаласының бейбіт тұрғындары. Кейбір зардап шеккен азаматтар ем алу шараларын жалғастыруда, ауыр жарақат алғандар жансақтау бөлімінде екені туралы айтылды. Осы зардап шеккендер арасында бейбіт тұрғындардың да бар екенін айту керек. Бұл көрсеткіштер еліміз үшін бұрын соңды болмаған орны толмас қайғы-қасірет, тарих беттерінде қара таңбамен жазылатын ең үлкен трагедия деуге болады.

ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК – ҚАРСЫЛЫҚ БАСТАУЫ



сіздік күшейген. Жалпы, еліміздегі құқық қорғау саласына жаңаша реформа жүргізу уақыт талабы. Олардың дайындығы мен кәсіби шеберлігі заман талабына сай қайта дайындықтан өтуі керек. Құқық қорғау қызметкерлерінің халық алдында беделі мен абыройын арттыру қажет. Ол үшін орын алатын барлық құқық бұзушылықтар заң жүзінде нақты жазалануы керек. Заң күші барлығына ортақ және бәрінен үстем деген принцип басшылыққа алынуы тиіс. Сонда ғана заңға бағынушылық пен құқық қорғау қызметкерлеріне деген сый-құрметтің артатындығы анық.

Қазақстандағы бұл қанды оқиғаны сырттан жасырын енген террористік күштердің іс-қимылы ретінде танып, оның тек салдарларымен күресіп қана қою жеткіліксіз. Жалпы оқиғаның орын алу себебін жан-жақты терең қарастырып, сарапшылар мен зиялы қауым өкілдері мәселені жүйелі талдап, болашақта өздерінің объективті бағасын беруі қажет. Осы орайда мемлекет те өз тарапынан жастарды осындай жолға итермелеген жағдайды анықтап, елдегі жастар саясатын қайта қарастыру керек. Жастар арасындағы жоғарғы деңгейдегі жұмыссыздық, әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздік қылмыстық оқиғалардың көбеюіне түрткі. Нәтижесінде қоғамда бұрыннан қалыптасқан адами құндылықтар саналатын тәрбие, сый-құрмет, адалдық және тағы басқалардың өзінің мәнін жоғалтуы өте үлкен қасіретке ұрындыруы мүмкін. Әсіресе, жастар арасында маргинализация мен экстремистік көңіл-күйдің өсуі қоғамдағы әлеуметтік наразылықтар мен қақтығыстардың күшеюіне жетелейді. Бұл өз кезегінде мемлекеттің дамуын шектейтін іштен туындайтын ірі проблемаға айналады. Қауіп-қатердің алдын алу үшін елде ең алдымен терең саяси және әлеуметтік-реформалар жүргізу қажет. Бірнеше жылдар бойына ел ішінде дұрыс шешімін таппай қордаланған әлеуметтік проблемалар адамдар бойындағы ашу-ызаның жиналуына себеп болды. Неге көтеріліске қатысқан азаматтар әкімшілік мекемелері мен құқық қорғау органдары қызметкерлеріне шабуыл жасады? Бұл сұрақтың жауабын жергілікті билік органдары мен халық арасындағы байланыстың әлсіздігі немесе жоқтығынан деуге болады. Еліміз бойынша жергілікті жерлерде әкімдерді тағайындауда әділ халықтық сайлау жүргізу қажет. Тағы бір маңызды мәселе әкімдердің жыл сайынғы халық алдында есеп беруі жасандылықтан арылуы керек. Сонда ғана ҚР Президенті Қ.Тоқаев айтқан «еститін мемлекет» жүйесін іс жүзінде құра аламыз. Мемлекеттің тұтастай бір басқару жүйесін құрайтын жергілікті жерлердегі билік органдары халықпен байланысты күшейтіп, азаматтардың проблемаларына шын мәнінде құлақ түруі тиіс. Егер осындай халық ішіндегі проблемаларға өз уақытында назар аударылып, олар жергілікті билік органдары тарапынан тиімді шешімін тауып жатса, онда ол осындай митинг түріндегі наразылықтар мен қақтығыстарға ұласпайды. Келесі құқық қорғау қызметкерлерінің халық алдындағы беделі қандай? Осы мәселеге мемлекет тарапынан ерекше мән берілуі тиіс. Қарапайым халықтың құқығының қорғалуы мен сыбайлас жемқорлықтың кең таралуына байланысты ішкі істер қызметкерлерінің жұмысына деген сенім-

Өз кезегінде қарапайым халық тарапынан да сыбайлас жемқорлыққа итермелейтін әрекеттерге жол берілмеуі қажет. Сондықтан, сөзден нақты іске көшетін уақыт келді. Осы туралы жыл басында орын алған оқиғалардан кейін ҚР Президенті Қ.Тоқаев халық алдында сөз сөйледі. Президент өз сөзінде Қазақстан үшін дамуың жаңа кезеңі басталғандығы туралы айтты. Жаңа құрылған үкімет алдына азаматтардың әлеуметтік мәселелерін шешу үшін нақты іс-шаралар мен тапсырмалар қойды. Жалпы, орын алған оқиға еліміз үшін үлкен сынақ болды, енді осындай жағдай алдағы уақытта қайталанбас үшін бүгіннен бастап қазақстандық қоғамның бет-бейнесі түбегейлі өзгеруі қажет. Әрбір азамат үшін еліміздің егемендігі – басты құндылық, осы егемендігімізді қастерлеп сақтау барлығымыздың қасиетті борышымыз! Егер біз жоғарыда айтылған қоғамдағы мәселелерге одан әрі көз жұмып қарап, оны шешумен нақты айналыспайтын болсақ, елдегі күрделі әлеуметтік жағдай мен тәртіпсіздік одан әрі ұшығып кетуі мүмкін. Бұл біздің еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуын көп жылдарға тежейді, сәйкесінше Қазақстан Орталық Азиядағы өзінің жетекші ел ретінде танылған позициясынан айырылып артта қалуы жағап емес. Еліміздің гүлденіп дамуы мен өркендеуі болашақ қазақстандық жастардың қолында. Сондықтан жастар осындай тәртіпсіздіктер арқылы мемлекеттік және жеке мүліктерді қирату мен тонау елдің болашағына балта шабумен тең екенін түсіну керек. Отанымызды дамытып, болашақ ұрпаққа аманатпен жеткізу парыз. Отыз жылдық тәуелсіздік тарихында еліміз әлемге татулық пен келісімді дамытушы бейбіт өмірді сүйгіш ел ретінде танылып үлгерді. Осы орайда сапалы ұлт қалыптастыруымыз үшін қазақстандық жастар әлемдік бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Ол үшін елдегі білім сапасын арттыру мен жастардың бойында патриотизмді қалыптастыру уақыт күттірмейтін мәселе. Жастар еліміздің тұрақты дамуының кепілі және болашағы, сондықтан жастарға сапалы жоғарғы білімнің қолжетімділігін арттыру мен оларды жұмыспен қамту уақыт күттірмейтін мәселе. Тек осылайша нақты шаралармен ғана жастардың қоғамда әлсіз топқа айналуы мен түрлі қауіпті ағымдарға ілесуін тоқтата аламыз!

Н. АЙТЫМБЕТОВ,
ҚР БҒМ ҒК философия, саясаттану және дінтану институты саяси зерттеулер орталығы директорының орынбасары,
PhD докторы

МЕМЛЕКЕТ ҚАРАЖАТЫ – ЕЛ НЕСІБЕСІ

«Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Шымкент қаласындағы филиалының мониторингі негізінде мемлекеттік сатып алу заңының талаптары бұзылу дерегі анықталған. Осы дерек негізінде «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының департамент басшысы О.Акимжановқа 500 АЕК, яғни 1 531 500 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Нақтырақ тоқталсақ, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 39-бабының 3-тармағы 42-тармақшасына сәйкес жүзеге асады. Ол бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасау арқылы, бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу негізінде біртекті тауарлардың күндық мәндегі жылдық көлемі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспаса осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу заң бойынша жүзеге асырылады. Алайда, аталмыш оқу орны былтыр жалпы сомасы 64 657 850 теңге болатын тауарды бір көзден алу тәсілімен бес рет сатып алған. Бес сатып алудың төртеуі бойынша өнімді ұсынушы – «Гульдер» өндірістік кооперативі танылса, құны 11 169 400 теңге болатын компьютердің қосалқы бөлшектерін «TAMERLAN»

атты жеке кәсіпкерден сатып алған. Қолданыстағы заң талабы бойынша бұл сатып алулар баға сұранысын сұрату арқылы бәсекелестерге мүмкіндік бере отырып жүргізілуі керек болатын. Осы заңбұзушылықты анықтаған соң біздің бірлестік тарапынан Шымкент қаласы Мемлекеттік ішкі аудит департаментіне хат жолданып, құқықбұзушылықтар расталды. Нәтижесінде университеттің лауазымды тұлғасына ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 207-бабының 11-бөлігімен әр мемлекеттік сатып алу бойынша 100 АЕК-тен айыппұл салынды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы заңының 18-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың субъектілеріне қоғамдық бірлестіктер де жатады және осы заңның 7-бабына сәйкес қоғамдық бірлестіктер де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингі жүзеге асыра алады. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Шымкент қаласындағы филиалы өз жұмысын әрі қарай жалғастырады. Өз кезегінде тұрғындарға мемлекеттік сатып алу порталы бойынша кез келген азамат құқықбұзушылықтарды анықтап, уәкілетті органға жүгіне алатынын жеткізіміз келеді. Мемлекет қаражатының үнемді жұмсалыуына бірге бақылау жасайық!

Айжан КЕСЕБАЕВА,
«Әділдік жолы» қоғамдық бірлестігінің Шымкент қаласындағы филиал басшысы

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК

ӘЙЕЛ – ҮЙДІҢ ШЫРАҒЫ



әспеттеу секілді негізгі міндеттерді айқындап берді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының Жарлығымен 1998 жылы ҚР Президенті жанынан Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Қазақстан БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенциясына қосылды. Мемлекеттік қызметте әйелдер қауымын мансап тұрғысынан ілгерілету барысында тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және оның сақталуын қадағалау мәселесі де жыл сайын биік мінберлерде көзғалып келеді. Демек, әйел мен ер адамның құқығының тең дәрежеде қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында бетбұрыс бар деп айта аламыз. 2017 жылдың қаңтарынан бастап елімізде 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру басталып кетті. Аталмыш тұжырымдамаға орай 2030 жылға дейін басшылық қызмет атқаратын әйелдердің үлес салмағын 30 пайызға дейін көбейту жоспарланып отыр. Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы туралы айтқанда оны ұлттық дәстүрімізден бөле-жара қарастырауымыз қажет. Рас қазір қоғамымызда бала-шағасын да өмірге әкеліп, ата-енесінің де көңілінен шығып, қызметін де арасында дөңгелетіп отырған қыз-келіншектер жетерлік. Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы туралы айтқанда қоғамымыздағы қызметте істейтін қыз келіншектердің қызмет пен отбасын қатар ұстап жүре алуына жағдай жасау маңызды екенін естен шығармасaq екен.

М. БУКБАЕВ,
Абай аудандық сотының судьясы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ИГИ ІС

ИСЛАМ ДІНІ ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ

«Төлен ата» мешітінің бас имамы Г.Бисенбаев ЗК-169/4 мекемесінің қызметкерлерімен кездесіп, терроризм мен діни-экстремизмді алдын алу бағытында түсіндірме жүргізді. Бас имамның айтуынша, исламның негізін менгерген адамның террорист болуын елестету мүмкін емес. Террорлық жолға түскен кісінің мұсылман болып қалуы неғайбыл. Дінде адам өлтіру арқылы ізгі мақсатқа қол жеткізу деген ұғым мүлде жоқ. – Елдің елдігін сақтау ата-бабамыз көрсеткен жарқын жолмен жүруде екенін түсінетін уақыт жетті. Осы тұрғыдан өткеніміз бен бүгінгімізді

саралауымыз қажет. Дінімізде мәңгі өзгермейтін ақиқат пен заман шарттарына бейімделіп отыратын құндылықтар бар. Соны қаперге ала отырып, тепе-теңдіктен ауытқымай дінде бір бүтін ретінде түсіндіретін ғалымдардың болуы маңызды. – деді «Төлен ата» мешітінің бас имамы Г.Бисенбаев. Басқосу соңында мекеме қызметкерлері өз ойларымен бөлісіп, нәзік тақырыптың күрделі жақтарын сөз етті.

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД

КІЕ

ТІЛ – ХАЛЫҚТЫҢ АСЫЛ МҰРАСЫ

Жазушы Мұхтар Шаханов ағамыз «Тіл – әр ұлттың ең ұлы анасы» – деп бекер айтқан жоқ. Тіл – қашанда ұлттың ұйтқысы. Сөзі өз тілінде шыққан халықтың егемендігі баянды, тұғыры қашан да биік. Қазіргі кезде мемлекеттік тілдің қоғам өміріндегі маңызы мен салмағы күн санап арта түсуде. Жас ұрпақтың тілі ана тілінде шығып, қазақ тілінде білім алуына, басқа да тілдерді жетік меңгеруіне толық мүмкіндік те бар. Қазақ тілі – әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, көркем тілдердің бірі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қасиетті, қасиетті, құдіретті.

Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға енген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Ал, оған деген сүйіспеншілік пен құрмет бала кезден басталуы керек. Айналадағы адамдарға, өзінің өскен ортасына, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарастың бастауын да сол туған тілімізден аламыз. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығының даму құралы.

Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын, ең қымбат мұралардың бірі. Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: «Тұлқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» – деген. Кешегі ұлылардың сенімін ақтап, тіл бірлігін жалғастыруда барлық күш-жігер, жауапкершілік алдымен бүгінгі жастарымызға түсетіндігі анық.

Өз тілінде сөйлеуден безу – ана сүтін беріп өсірген анаңды ұмытумен бірдей. Қазақстан – әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елдердің қатарында болу үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек. Өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап асырайық.

Алия ТЛЕМБЕРЛIEВА,
БҚО қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының бас маманы

БІР МҮДДЕ

ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛДЫ

Қазақстанның барлық аймақтарында қайғылы қаңтар оқиғасының құрбандары мен зардап шеккендерге көмектесетін «Қаңтар» құқықтық қолдау орталығы құрылуда. Оның атқаратын негізгі қызметтері: азаматтар мен кез келген қоғамдық ұйымдардан келіп түскен қаңтар оқиғасы салдарынан қаза тапқандар мен хабарсыз кеткендер туралы ақпаратты жүйелеуге; қаза болғандардың туыстарына, бейбіт наразылық шерулеріне қатысқаны үшін қудалау нәтижесінде қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тартылғандарға, азаптау мен басқа да адам құқықтарын бұзу салдарынан зардап шеккендерге білікті заңгерлік көмек беру шарасын ұйымдастыруға көмектесу. Қазіргі таңда құзырлы органдарға тіркеу жұмысы жүріп жатқан орталық алдағы аптадан бастап ресми түрде өз жұмысын бастайды деп жоспарлануда.

Бастамашылар қоғамдық ұйымдарды, қорғаушыларды, тергеушілер мен журналистерді, құқық қорғаушыларды, осы мәселеге алаңдаушылық білдіретін барша азаматтарды бірлесіп әрекеттестуге шақырып отыр. Орталық іс-қызметінің нәтижелері мен оның қаржылық есебі жұртшылық назарына ашық ұсынылады. Сондай-ақ, ақпаратқа жедел қол жеткізу мақсатында жеке электронды ресурс құрылады.

«Қаңтар» құқықтық қолдау орталығын құруға бастамашы болған 50-ге жуық азамат ел тұрғындарына жолдаған үндеуінде: «Баршамыз елімізде болған қайғылы қаңтар оқиғасының куәсі болдық. Көптеген отандастарымыз Қазақстанның түкпір-түкпірінде әділ талаптармен бейбіт сипатты наразылық шерулеріне шықты. Өкінішке қарай, арандатушылар мен алаяқтар, қылмыскерлер мен тонаушылар бейбіт шерудің өнін айналдырып, шырқын бұзды. Бүгін біз жүздеген адамның қаза болғанын, із-түзсіз жоғалғанын, мыңдаған адамның жарақат алып, құқық қорғау органдары тарапынан ұсталғанын білеміз. Болған істің ақиқаты анықталмайынша, осы оқиғалардың жазықсыз құрбандарына көмек көрсетілмейінше, тарихымыздың осынау қасіретті бетін жылы жауып қоя алмаймыз. Біз бейбіт шерулерге қатысып, заң аясында өз наразылықтарын білдіргендерді және осы мүмкіндікті пайдаланып, заңға қайшы әрекеттер мен қылмыстарға барғандарды нақты ажыратып қараймыз. Ондай қылмыскерлерді табу – құқық қорғау органдарының міндеті, ал, біз оларға қол ұшын беруге дайынбыз. Жауапты ел азаматтары ретіндегі біздің міндетіміз – бейбіт шерушілерге, сондай-ақ, қылмыскерлердің қолынан және құқық қорғау органдарының заңсыз әрекеттерінен зардап шеккен басқа да адамдарға көмектесу» деп отыр.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ҚҰРЫҚ

6 МЫҢНАН АСТАМ ЗАҢБҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Карантинге жатқызылған өнімдердің көбі былтыр Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Түркіменстан, Әзірбайжан, Ауғанстан, Иран, Тәжікстаннан, Вьетнам, Германия, Нидерланды, Франция, Польша сияқты елдерден әкелінді. Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық бөлімшелері былтыр өсімдіктер карантині саласында 6 140 заң бұзушылықты анықтап, 455,2 млн теңгеден астам сомаға әкімшілік айыппұл салған. Басқа елдерден карантинге жатқызылған өнімді импорттау кезінде карантиндік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыру кезінде фитосанитариялық сертификаттың болмауының 3 250 жағдайын, карантиндік объектілерді анықтаудың 189 фактісін, карантинге жатқызылған өнімді межелі пунктте қайталама тексеруге ұсынбаудың 577 жағдайын, фитосанитариялық

сертификаттың сәйкес келмеуінің 218 жағдайын, таңбалаудың болмауының 113 жағдайды, қол жүгіне тыйым салудың 5 жағдайын, карантинге жатқызылған өнімді басқа мекенжайға жіберудің 28 жағдайын, фитосанитариялық талаптарды бұзудың 72 жағдайын және тыйым салынған өнімді әкелудің 3 жағдайын тіркеді.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне қарағанда, импорттаушы елдерге барлығы 21,3 мың тонна, 1 104 текше метр және 44 827 дана карантинге жатқызылған өнім қайтарылды. Карантинге жатқызылған өнімді қайтаруды, жоюды және қайта өңдеуді жүзеге асыру бойынша 862 шара қабылданды.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПРОБАЦИЯ

Баламалы жазалар түзелуге ниеттілерге берілген мүмкіндік

ШҚО бойынша ҚАЖД Зайсан аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған Ж есімді азаматша 6 11.2020 жылғы ШҚО, Тарбағатай ауданының №2 аудандық сотының үкімімен ҚР ҚК-нің 190-бабының 4-бөлігінің 2-тармағы бойынша кінәлі деп танылып, 6 жыл 2 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған еді.

Алайда ҚР ҚК-нің 74-бабының 1-бөлігі негізінде тағайындалған жаза 10 12.2019 жылы туған баласы 2 жасқа толғанға дейін, яғни, 10 12.2021 жылға дейін кейінге қалдырылған. Сондықтан 10.12.2021 жылы жазасын атқару кейінге қалдыру уақыты аяқталуына байланысты ШҚО бойынша ҚАЖД Зайсан аудандық пробация қызметімен бұл азаматшаға ҚР ҚК-нің 74-бабының 3-бөлігіне сәйкес, шешім қабылдау үшін құжаттар жолданып, 20. 12. 2021 жылы құжаттар сот отырысында қаралды.

Сотталғанның қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленушілерге келтірілген ірі мөлшердегі шығынның ешбір бөлігі өтелмегені ескеріліп жазасының өтелмеген бөлігі бас бостандығын шектеу жазасына ауыстырылып, пробациялық бақылау белгіленген. Сотталған Ж есімді азаматшаға мемлекет тарапынан енді бір мүмкіндік беріліп қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза тағайындалды. Бүгінгі күні елімізде қылмыстық жазаларды ізгілендіру бойынша ауқымды іс-шаралар атқарылуда. Яғни, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды қолдану шеңберін күшейту бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларға баламалы жазаларды қолдану ауқымы кеңейтілгені байқалады.

Ж.ДАИРБЕКОВ,
ШҚО бойынша ҚАЖД Зайсан аудандық ПҚ инспекторы, әділет аға лейтенанты

Рақымшылықтың шарапаты тие бастады



Рақымшылық заңы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған 3 адам бас бостандығын шектеу жазасынан босатылды.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай рақымшылық» заңы пробация қызметінің

есебіндегі сотталғандарға да қолданылды. ШҚО бойынша ҚАЖД Зайсан аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған 11 азаматтың ісі бойынша заңның 2 және 3-баптарының талаптарына сай Зайсан аудандық сотына тиісті құжаттар жолданды. Олар 2021 жылдың желтоқсан айының 23-27 аралығында сот процестерінде қаралып, рақымшылық заңының 2-бабының 1-бөлігінің 2-тармағына жататын 3 азамат бас бостандығын шектеу жазасынан толық босатылды. Ал 3-баптың 3-бөлігінің 1-тармағына сәйкес 7 сотталғанның өтелмеген мерзімдерінің үштен бірі қысқартылды. Сондай-ақ, 3-баптың 1-бөлігіне сәйкес 1 сотталған азаматтың жазасының өтелмеген бөлігінің екіден бірі қысқартылды. 3 сотталған азамат ПҚ есебінен шығарылып, 7 сотталғанның бас бостандығын шектеу түріндегі жазасының өтелмеген бөлігінің үштен бірі, 1 сотталғанның бас бостандығын шектеу түріндегі жазасының өтелмеген бөлігінің екіден бірі қысқартылды.

Е.АХМЕТЗАКИЕВ,
ШҚО бойынша ҚАЖД Зайсан аудандық ПҚ инспекторы, әділет капитаны

ТАРАТУ

2. «Ақмола облыстық Білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Старый Колутон ауылының «Ақбота бөбекжайы» МКҚК (БСН 150240011258) Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № А-1/685 қаулысы негізінде өзінің таратылғаны жөнінде хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Старый Колутон ауылы, Бауыржан Момышұлы көшесі 30, Байланыс: телефоны 87164124673.

3. «Асыл Мекен» тұтынушылар кооперативі, БСН 150940022319, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сейфуллин даңғылы, 546 үй, 9 пәтер.

4. «Green Valley KZ ЖШС (Грин Валеј Кей Зед)», БСН 201040009888, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Солтүстік өндірістік аймақ көшесі, пр 7, 5 ғимарат. Тел.: 87478601358.

5. «Әбілхаим Би» ЖШС ұйымы, БСН 150940013023, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қ., Абай ауд. Самал-2 ықш. ауд. 2163А үй. Тел.87718755175.

6. «Әбдібек Әли» ЖШС ұйымы, БСН 180540009076, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша

қабылданады: Шымкент қ., Енбекші ауд. Тауке хан даңғылы, 125 үй, Тел. 87054900920

7. «REIT Developerment» ЖШС, БСН 180240027291, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280 үй, н.п.19, 13-қабат.

Атырау облысының судьялар корпусы ұжымы сот жүйесінің ардагері Мұсабек Тұрғынбекұлы Әлімбаевке **жұбайының**, Қазақстан Республикасының Әскери сотының төрағасы Жандос Мұсабекұлына аяулы анасы **Бақыткүл Байдалықызының** дүниеден өтуіне байланысты отбасына түскен ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAÏROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесінде қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Круцкая көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-ai@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел.: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87054422939.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай» Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Олар сыныпта бесеу еді, жоқ сыныпта басқа оқушылар да бар, бірақ бесеуінің жұбы жазылмайтын. Екі қыздың ербеңдеп үш жігіттен жүретініне мектеп тұрмақ, ауыл халқының өзі үйреніп қалған. Қыздар да басқа қатарластары секілді етек-жеңі қымтап, сызылмай, ерек сықылды даракы күліп, жігіттердей аяқтарын алашаң басып, өздерін ерекше ұстайтын. Бұрын аудан орталығы болғанына қарамастан, қазіргі уақытта бұл ауыл үлкен село деген статуска ие болып тұр. Ауылда 4 мектеп, 1 интернат, 1 балалар үйі болған, соңғы уақытта балалар үйінің тәрбиеленушілері азайып кетіп, оларды мектеп интернатқа қосып жіберді.

Мектеп-интернаттың бұрынғы тәрбиеленушілері тұлдыр жетім емес. Бірінің әкесі, бірінің анасы жоқ, не алыс ауылдарда тұратын жағдайы төмен отбасылардан шыққандар. Әйтеуір артында сұраушымыз бар деген тоқ көңілден бе, интернат тұрғындары балалар үйінен келгендерге менсінбей қарайтын. Өздерін осы жердің байырғы тұрғыны санайтындықтан болар, олар балалар үйінен келгендерге зорлықтарын да көрсетіп жүретін. Манағы бес достың екеуі осында тәрбиеленуші болатын.

Ауылдағы ең көрнекі, өздерінің тілімен айтқанда гимназия дәл орталықта, интернаттың жанында орналасқан. Сыныпта бай-бағланның да балалары оқитынын ескерсе, мектептегі теңсіздік сырт көзге әбден-ақ көрініп тұратын еді. Интернат көшесімен жоғары жүре берсе әсем таумен шектесіп тұратын алма бағын реттеуге жаз басталысымен интернатқа қалған ата-анасыз балаларды жұмыстарға алып кететін еді.

Аспандияр

Аспандияр – осы ауылдағы мен деген беделді кәсіпкердің ұлы. Қалталы азамат ақша беріп баласын үлкен қалаға мектепке жіберген еді, бір жылға жетпей қайтып келді. Ірі қалада өзінен де зорлар шығып, мектептегі әлімжеттікті жасау бұлай тұрсын өзі де өлесі болып талай таяқ жеген. Аспандияр 3 қыздан кейін көрген ат ұстары болған соң ба, ата-анасы оны әбден еркелетіп, бетімен жіберген. «Қызды жоқшылық ұлды баршылық бұзады» дегендей сегізіншіде оқып жүріп-ақ жеңіл жүрісті қыздарға барып, арақ пен темекінің дәмін білген Аспандиярдың бұл қылығына әке-шешесі аса мән бере қоймайтын. Бозбала қаладан ауысып келгенде желтоқсанның аяғы болатын. Үлкен кенттен көргенін қайталаған ол келе сала сыныбындағы беделді балалар мен қыздардың басын қосып, өзінше топ ашқан болды. Ергелі кеш топталып жүретін он шақты баладан сескенді ме, мектепте бұлардың алдын кес-кестегендер кездеспеді. Ешкім бетінен қақпаған соң өзміліемдікке салынған жастардың алды жаңа жыл қарсаңында полицияның да алдына барып үлгерді. Бір-екеуі бұзақылық баппен ұсталған соң топтың қатары сиреп, соңында манағы төрт бала мен екі қыз ғана қалған еді. Сол Аспандияр көктемге аз уақыт қалғанда аяқ астынан жоғалып кетті.

Серік (Саша)

Серік ес білгелі әкесін көрмеген. Анасы мұны оң босағада отырып туып алған. Серіктің қою қара қасы мен қайратты шашы, көзінің өте үлкендігі, қазақ ұлтына емес, бауырлас түркі жұртына келетін. Сырт пошымына қарап ауылдағылар баланың әкесі төменгі көшеде тұратын күрд халқынан-ау деп топшылайтын. Анасы кейін осы ұлын ата-анасына тастап, тұрмысқа шықты. Бірақ бір рет қаталескен келіншектің екінші қадамы да сәтті бола қойған жоқ. Дүниеге шекесі торсықтай екі ұлды қатар алып келсе де жұбайының аузы арақтан босамады. Өзі ішіп тыныш жүрсе бір сәрі, ұрпағын өсіріп, үйін ұядай етіп отырған әйелін таяқтың астына алып, отбасының береке, тыныштығын әбден тауысқан.

Ашынған әйел ақыры қос қарғасын жетектеп төркініне қайтып келді.

Серік ата-ана тәрбиесін көрмеген, көше тәрбиеленген балалардың бірі. Ең алғаш темекінің ашы дәмін татқан кезде жасы небәрі 12-де еді. Кішкентайынан бағып-қаққан нағашылары бақилық болған соң, ол өзін үйдің нағыз қожайыны сезінетін. Ата-әжесінен зәулім үй, үлкен аумақты алып жатқан алма бак қалды. Тек дегенді білмей өскен бозбала анасына қол көтермегенмен, екі әгей бауырына жан таптырмайтын. Арасына түскен анасын да адам құрлы көрген емес. Бұл үшін анасының құны көк тиын. Баласына сөзі өтпеген әйел әскерге барса ұлы азамат болып, ақыл кіріп келер деп армандайтын. Бірақ құтырған жігіт ол күнді көрмеді. Серіктің денесі интернат қарауындағы алма бақтан табылды. Қарақұсыннан тиген ауыр соққыдан көз жұмған екен.

Ұзынтұра Айбек

Айбектің бойы қатарластарынан анағұрлым ұзындау болғандықтан, лақап аты – ұзынтұра. Ол – қарапайым отбасыдан шықты, үйдегі тоғыз баланың бесіншісі. Баланың барлығы анасына тартқан. Заты әйел демесең, Зәбираның дене бітімі ірі. Өзі бойшан, иықты, еңселі әйелді сыртынан қарағандар ерек деп ойлайтын. Қаладан оралған Аспандиярдың бірінші айналдырғаны осы ұзынтұра Айбек болды. Жанында зор денелі қорғаушының жүргенін кім қаламайды. Соны ойлаған Аспандияр Айбектің тамағының ақындығын төлеп, мектеп қорына тапсыратын ақшаны өз қалтасынан бере салып, жанына жігітсіз байлап алған еді. Айбектің болашағына дене шынықтыру ағайы да үмітті еді. Ауылдан шыққан чемпионның бірі болар деп жас баланы желпіндіріп қоятын ұстаздың арманы, өкінішке орай, орындалмады.


Ертеннен үлкен үміт күтіп жүрген жігіт Серік-Сашаның өліміне басты күдікті ретінде қамауға алынып, соңғы қондырудан сыңғырлаған үнін есті де алмады. «Сол күні Аспандиярдың шақыруымен Саша үшеуіміз тау жаққа бардық. Барған соң жылынамыз деп екеуі арақ ішті. Мен қарап тұрдым, өйткені әкем мен ағам арақ пен темекіге жолақшандық білсе ондырмайды. Сәлден кейін Аспандияр жоғары шығып кетті. Ал Серік әжетханаға барайын деп таса жер іздеп жүрген. Сәлден кейін Серіктің жан дауысы шықты. Дауыс шыққан жерге қарай жүгіріп бара жатқанда бір нәрсеге шалынғы құлап есім ауып қала жаздады. Сонда да орнымнан жылдам тұрып жерде құлап жатқан Сашаның қолтығынан сүйемек болғам. Бірақ басы бұзылмай етіп иемге келмейді. Қарақұсыннан бастап жотасы қан-қан. Аспандияр деп айқайлай бердім, маңайда ешкім жоқ. Қанша айқайласам да Аспандияр жанымға келмеді».

Бұл Айбектің жазған түсініктемесінен үзінді, сол уақыттағы аяғына шалынып құлаған ауыр темір Айбектің басына сор болып жабысты. Осы темірден табылған саусақ іздерінің кесірінен Серіктің өліміне күдікті ретінде ұсталып кетті. Аспандияр да сол кеткеннен кісі көзіне түспеді. Ол табылмаған соң күдікті ретінде есепке қойылған.

Еркежан мен Анар

Бұл екі қыз он бірінші сыныптардың ғана емес, мектептегі бар қыздың «ата-маны». Қыздарға сөздері жүрмей жатса, беделді топтың жігіттері осы екеуінің көмегіне жүгінетін. Үзілісте қыздардың шаштарынан тартып қалу, аяқтан шалу, жылату – Сашаның сүйікті ісі болатын. Бұрынғы уақыт болса қыздар мұғалімге шағымданып, Саша басы сүмірейіп тұрар еді, қазір рақат. Екі қыздың мысымен талай қызды жуасытып алған.

Еркежан көрші ауылдың қызы, әкесі өмірден өткен соң шияттей бала-шағаны бағу жалғыз анасының мойнына түскен. Үйдің үлкені анасына көмектесіп ауылда қалса, Еркежан інісі екеуі интернатта



жатып сабақ оқып жүр. Үйдегі екі ұлмен төбелесіп, соғысып жүріп бой жеткен Еркежан шын мәнінде ешкімге бірінші барып соқтықпайтын. Рас, осы жылдан бастап Аспандияр деген сезімі бас көтере бастағалы қыз екені есіне түсіп, баяғы шолған еркеліктің біразын ұмытқан.

Анар екеуі бір бөлмеде жатады. Анардың анасы тастап кеткендіктен, осы жерге әкесі әкелді. Үйдегі жалғыз қыз болғандықтан Анардың өзі алаңдасарлау. Ұзынтұра Айбекпен бірге түрлі үйірме, секцияларға қатысып жүрген Еркежанға қызыққан ол соңғы кезде спорт залдарынан шықпайтын. Дене бітімі ғана емес, түр пошымының өзі қыздан гөрі жігітке көбірек келетіндіктен ұлдар оның нәзік жанды екенін ескере бермейтін. Еркежанның алдында абайлап сөйлейтін ұлдар Анарға келгенде ойындағысын іркіп қалмайтын.

Сол күні жігіттер тауға шықпақ болғанда қыздар да жандарына екі-үш құрбысын ертіп сондарынан ілесіп болды. Бірақ жігіттердің арам ойы барын сезіп қалған Еркежан қыздармен бірге интернаттан шықпауға бел байлады. Еркежан білмес еді, Анар жігіттердің сөзін кездейсоқ естіп қалған екен. Және бұл идеяның авторы Саша емес, Аспандияр еді. Көңілі нілдей бұзылған Еркежан Аспандиярдың әрекетін түсіне алмай дал. Ал әкөңіл Анардың көңілі Айбекте. Іштей Сашаға деген кегі де бар, шіркін жалғыз өзі бетпе-бет жолығар ма еді дейді. Бұның ебедейсіздігі, пошымының еректерге ұсқап қалғанын топ арасында айызы қанғанда мазактаудан шаршамайтын Сашаны сұқаны сүймейді-ақ. Аспандиярдың оны әлпештеп қасына ертіп жүретініне таңданады. Еркежан тауға бармаймыз дегенде Анар іштей қуанып кетті. Неге екені белгісіз.

«Біз Ғазиза екеуіміз келгенде жерде Саша құлап жатты, денесі былқ-сылқ етеді. Басында қатты соққыдан есенгіреп жатқан шығар деп ойлады. Аспандияр жоқ еді, Айбек есі кіресілі-шығасылы болатын» тергеуде осылай деген Анар Айбекті барынша қорғап бақты.

Малшының көргені

28 ақпан болатын, жер аздап қарая бастаған мезгіл. Қыстай қолға қараған азын-аулақ малды түсте біраз жайып жүрдім. Қыс қатты болып, малға берер жем-шөптің азайған тұсы ғой. Сонымен интернаттың иелігіндегі алма баққа қарай өтіп кеткен тұсақтардың соңына түстім. Алдымен үш бала өтті, үшеуі де менен тығылып бара жатқандай

көрінді. Күн ұзақта далада жүрген соң ішім пысады ғой, ананы-мынаны сұрап мазамызды алады деді ме екен, кім білсін. Сәлден кейін жарға қарай қызыл күртеше киген жігіт ақырын жүгіріп өтті. Ол жақтан ауыл анық көрінетін, шамасы біреуді күткен деп ойлағам, біраз уақыттан кейін екі қыз көрінгенде ойым алдаматты деп қойдым. Манағы екі бала бақтың ішіне сіңіп жоқ болды. Мен тұрған жақтан олар мүлдем көрінбеді. Бір кезде бір баланың жан дауысы шықты да өшіп қалды. Іле екіншісі шыңғырды, екі қыздың артынан бір жігіт жүгіріп өткендей болды. Жасым жетпісті алқымдап қалған соң көзім анық көрмейді. Мен жеткенде екі қыз бен бір бала шыңғырып жылап жатыр екен. Ал бір бала жерде сұлап жатты. Үшінші жігіт мүлдем көрінген жоқ.

Майор Мәлік

Мәліктің осы ауданға көрші облыстан ауысып келгеніне көп бола қоймаған. Ұлына қаланың ауа-райы жақпай, демікпе болып ауырған соң, емдеуші дәрігер дәл осы ауданда тұруға кеңес берген. Қате айтпапты, өмірі дәрісіз жүрмейтін баласы міне жарты жылдан бері сырқатын сылып тастағандай шапқылап жүр. Демалысы жақсы. Алайда тау бөктеріндегі бұл ауылдың табиғаты қатал, суық жер. Бірақ адамдары жайлы. Бір-бірімен ағайын-туыстай араласып кеткен ауылда қылмыс та аз. Неше жылдан бері тыныш жатқан ауылды мына қылмыс шыртыққанды оятқандай болған. Табаны күректей 15 жылын ішкі істер саласына арнаса да Мәлікке дәл осы қылмыстың түйінін тарқату оңайға соқпады.

Тауда үш бозбала ғана болған, екі қыз соңынан келіп отыр. Малшы көзі нашар көретін (арнайы медициналық тексеруде анықталды) жасы келген карт адам. Айбек те, Серік те – зардап шегуші, ал Аспандияр қайда?...

Барлығын мұқият ойлестырдым...

Түн. Интернаттың түбінде сыбырласып отырған екеудің бірі ақырын қозғалып көлікке қарай беттеді. Көліктің нөмірі мемлекеттік, сыңайы ауданнан келген. Иә, келген Мәлік болатын. Тағы біраз нәрселерді анықтап алайын деп интернатқа жасырын келген болатын. Мәлік кеткен соң, жалғыз қалған адам иығы дірілдеп біраз отырды. Айдың жарығында білінбесе де үнсіз жылап отырғанын байқауға болады. Бұл Аспан-

диярдың әкесі болатын, Мәліктің сөзі есінде «ешкім ешнәрсе білмеу керек».

Мәліктің өзіне сеніп келгені аян. Ендеше бұл іс аяғына жетуі үшін үнін шығармауы, ешкіммен тілдеспеуі шарт. Өзіне іштей серт берген ол тістеліп орнынан тұрды...

Ертенінде ауылда жедел түрде сот өтті. Сол күні ауылда өткен сотқа күдікке ілінген жандардың барлығы қатыстырылды. Сотта қызық жайттың беті ашылды, Аспандияр аман екен. Бірақ қауіпсіздігі үшін оны жасыруға тура келген. Ол тілден қалған, бірақ аз күнде есін жинайды. Таудан құлағанда ағынды су оны екпінмен біраз жерге апарған екен. Бағана орай, осы жерге серуендеу үшін келген туристерге тап болыпты.

«Ол өзін итергенді де, құлап бара жатып, Серіктің қарақұсыннан темірмен соққан адамды да көрген. Сондықтан ертең есін жинағанда барлығын айтады, бірақ қылмыскер бірінші кінәсін мойындаса жазасы аз да болса жеңілдейді»

Мәліктің осы сөзінен кейін күтпеген жерден шыңғырған дауыс зал тыныштығын бұзды. «Мен барлығын мұқият ойлестырған едім ғой».

Дауыс адамдар отырған жерден емес, темір тордан шықты. Күдікті ретінде отырған Айбектің дауысы болатын. «Иттің баласы»... тұра жүгірген Аспандиярдың әкесін Мәлік әрең тоқтатып далаға шығарып жіберген.

«Менің оларды өлтірейін деген ойым болған емес, біз үшеуіміз сол күні жаурап отырған соң отын терейік деп ағаш сындырып әкелдік. Анығы мен сындырып жатқан едім, бір кезде Аспандияр «мен қыздарды көріп келемін» деп жарға қарай өрмелеп кетті. Ал Серік кешегі тамақтан ішім ауырып жүр деген болатын. Ол сол жарды жағалай қалса отырды. Бір кезде мені жын иектеді ме, әлде өзімнің күштілігімді мақтанып көрсеткім келді ме, Аспандияр тұрған жарға секіріп барып оны аяқтан шалып қалғам. Бейкам тұрған ол селк етіп шалқайып барып, сырғанап жардан құлады. Дәл сол сәтте Серік бізге қарап тұрған, ол жарды білем ғой, жылда елдің малы құлайды. Және құлағаны аман шықпайды. Аспандиярдың өлгенін қас қағым сәтте пайымдап үлгердім. Түрмеге түскім келмейді, сондықтан Серіктен де құтылсам дедім. Жолай темір тауып алып, қарақұсыннан бір пергенде барып оның ешнәрседен хабарсыз болғанын ұқтым, ол орнынан тұрса, бізді мүлдем оқпе алмайды екен ғой. Ал Серік жүрелеп отырған күйі тіл тартпай кетті. Есім кіресілі-шығасылы болып тұрғанда екі қыз келді. Сол күні Аспандияр құлады-ау деген жердің барлығын тінтіп шықтым, ізім-қайым жоқ. Түнімен ойлап тапқаным осы болды. Айтпақшы малшыны шатастыру үшін алдынан қызыл пакетті киіп алып ары-бері жүгіріп өттім. Қазір Серікті бекер өлтірдім деп ішім ұдай ашып барады.

– Бірақ сен бір емес, екі адамның өліміне жауаптысың..

– Қалай Аспандияр тірі дедіңіз ғой..

– Қарауыл күдіктіні алып кетіңіз, ертең нағыз сотта шешімді естисіз.

PS. *Аспандиярды туристер тапқаны шын болғанымен, ол тірі емес еді. Ең бірінші ішкі істер органына хабар бергізген соң, істің сиырқұйымышақтанғын бара жатқанын көрген Мәліктің бұл амалсыздан ойлап тапқан айласы болатын. 18-ге толмаған Айбек балалар колониясында екі жылы, қалған жиырма жылын қатан режимдегі түрмеде өткізетін болды. Бүгінде темір торда он жылға жуық отырған Айбек, саналы түрде он минутта істеген қылмысы үшін жауап беріп жатыр. Сазатты кері бұра алмайтыны сияқты, уақыт та тек алға жылжып береді.*

Аида ҚОЖМАМБЕТОВА